

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ОРТАҚ МҰРАТ – ОРТАҚ ТАРИХ

Осы аптаның бейсенбісінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Республикасына ресми сапармен барды. Душанбеге келген Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қасри Миллат» сарайында Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон қарсы алды. Ресми шара кезінде Мемлекет басшысының құрметіне зеңбіректен 21 рет оқ атылды. Мұнан соң Құрмет қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Қазақстан мен Тәжікстанның Мемлекеттік Гимндері шырқалып, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Мемлекет басшылары Ақ залға өтіп, шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Қуаныш ТҮНҒАТАР



Қазақстан Президенті өз сөзінде көпжақты серіктестіктің берік негізі осындай кездесулерде екенін баса көрсетті. Президенттің баспасөз қызметі хабарлағандай, ең алдымен, көрсетілген сый-құрмет пен қонақжайлық көңіл үшін Тәжікстан басшылығына алғыс айтылды. «Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы қарым-қатынас барлық бағытта қарқынды дамып келеді. Біз – сенімді одақтас елдерміз. Қазақстан тарапы Тәжікстанның қазақ халқына деген тілеулес ниетін жоғары бағалайды. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Біз алға қарай жылжуымыз керек. Бұл сапар – ынтымақтастығымызды дамытуға тың серпін беруді көздейді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Эмомали Рахмон екіжақты ынтымақтастықты жоғары бағалап, Қазақстан мен Тәжікстанның стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайтуға ниетті екенін мәлімдеді. «Бұл сапар екіжақты қарым-қатынасымызға тың серпін беретініне сенімдімін. Саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және қауіпсіздік салаларындағы ықпалдастығымыз

қарқынды дамып келеді. Сізбен екі ел ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен перспективасын, сондай-ақ халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға әзірмін», – деді Тәжікстан Президенті. Келіссөз барысында сауда-экономикалық, көлік-транзит, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ цифр-

ландыру, ауыл шаруашылығы мен су ресурстары салаларындағы ықпалдастық мәселелері талқыланды. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Тәжікстан экономикасын дамытуға тың серпін беретін инвестициялық жобаларды іске асырудың перспективалары қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон екіжақты келіссөз-

дер аяқталғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап бірлескен мәлімдеме жасады. Мәлімдеме Қазақстан Президенті екі ел арасындағы мемлекетаралық байланыс нығая түскенін жеткізді. Президент келіссөз барысында қос тарап бауырлас халықтарды бір-біріне жақындастыруға, қазақ-тәжік қатынасын жан-жақты нығайтуға ұмтылатынын әңгімеледі. «Ел арасында ешқандай түйткілді мәселе жоқ. Өзара тиімді әрі жан-жақты серіктестікті арттыру үшін алдағы уақытта да барынша күш-жігер жұмсауға уағдаластық. Екіжақты сауда-саттық мәселесіне айрықша назар аударылды. Соңғы бес жылда ел арасындағы жыл сайынғы тауар айналымы екі еседен артық өсім көрсетіп, 1 миллиард доллардан асып түсті. Биылғы алты айдың қорытындысы да ойдағыдай», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өзара сауда-саттықты одан әрі дамытуға екі елдің мол мүмкіндігі бар деп санайды. Мәселен, Қазақстан Тәжікстанға жалпы құны 200 миллион доллар болатын 85 тауар түрі бойынша экспортты ұлғайтуға дайын. Тәжікстан тарапы да Қазақстанға экспорт көлемін арттыру үшін айтарлықтай ресурсқа ие.

Қазақстан Президентінің айтуынша, тараптар ұн тарту өнеркәсібін дамыту, өсімдік майын, кондитерлік және мал шаруашылығы өнімдерін шығаратын бірлескен кәсіпорындар құру мүмкіндіктерін қарастыруға уағдаласқан. Президент қазіргі кезде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, цифрландыру және экономиканың басқа да салаларында бірқатар ауқымды жоба әзірленіп жатқанын айтты.

(Соңы 2-бетте) ➔


БҮГІНГІ САНДА:

КӨРМЕ

АУЫЛДЫ ДАМУҒА ЖОЛ АШАДЫ



БҰҚАРА ҮНІ БИЛІК НАЗАРЫНДА 3-бет



«АЛТЫН ЖҮРЕК» СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНДІ 4-бет



ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ АЛАМАН 8-бет

Қонаев қаласындағы орталық алаңда облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен индустриалдық және инновациялық даму басқармасының бірлесіп ұйымдастыруымен «Бір ауыл – бір өнім» көрмесі өтті. Мақсаты – экономикамыздың негізгі күші саналатын агроөнеркәсіптік кешендегі бәсекеге қабілетті, сапалы әрі бірегей өнімдерді нарыққа шығару, шет елдерге экспорттау арқылы ауылдық аймақтардың дамуына үлес қосу.

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Жәрмеңке форматындағы көрмені облыс әкімінің орынбасары Рустам Исатаев ашып, 10 жылдан астам уақыт бойы жыл сайын өткізіліп келе жатқан осы байқау арқылы халық арасында сапа идеясы кеңінен танылып, ел нарығы бәсекеге қабілетті өніммен толығыны атап өтті.

– Былтыр облыс көлеміндегі 319 елдімекенде 32 млрд теңгеге 1266 кәсіпкерлік нысаны ашылды. Аталған жобалар 3,5 мың ауыл тұрғынын жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында бір мыңнан астам ауыл тұрғыны 8 млрд теңгеге несие алады. Жастарға шағын несие беру бойынша 387 азамат 1,8 млрд теңгеге қаржыландырылды, – деген облыс әкімінің орынбасары барлық қатысушыларға өңір экономикасының дамуына лайықты үлес қосып, халықтың әл-ауқатын арттыруға күш салғандары үшін алғыс білдірді. Одан кейін сөз кезегі облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры Тимур Бекеевке берілді.

– «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы – коммерциялық емес ұйым. Әрдайым кәсіпкерлерді қолдау жолында аянбай еңбек етеміз. «Бір ауыл – бір өнім» көрмесі облыстың жаңа орталығында екінші рет ұйымдастырылып отыр. Бизнеспен айналысуға қызығушылық танытып, өз ісін бастап жатқан кәсіпкерлер саны артып келеді. Бүгінде облыста 140,6 мың шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 4 пайызға артық. Бірінші тоқсанда осы салада 241,2 мың адам жұмыспен қамтылған. Былтырмен салыстырғанда 5,7%-ға артық. Кәсіпорындар саны бойынша жетекші орындардың бірін ауыл шаруашылығы алады. Бұл – мемлекет үшін де аса маңызды



Суретті түсірген – Аспан ҚАЖЕКЕ

көрсеткіш. Жергілікті шикізат өнімдерінен құралған көрмедегі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпіліс береді. Сондай-ақ маркетингтік қолдау, сертификаттандыру сынды артықшылықтарға ие болу мүмкіндігі бар.

70-тен астам кәсіпкер бүгінгі көрмеде өз өнімін ұсынды. Қыз-келіншектер мен әйелдердің іскерлік ортада белсенділігін арттыруға бағытталған іскер әйелдер кеңесінің де атқарған жұмыстарының нәтижесіне куә болып отырсыздар. Көрмедегі киім-кешектер, тағам түрлері, көрпе-жастықтар және тағы басқа өнімдердің барлығы – әйелдердің кәсіпкерлік әлеуеті елімізде қарқынды дамып келе жатқандығының бір көрінісі. Бүгінгі іс-шара алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенеміз, – деді облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры.

Бұл көрме бұған дейін барлық ауданда өткізілген. Солардың арасынан «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының жұмыс тобы талапқа сай келетін 70-ке жуық қатысушыны тандап алған. Іріктеуден іріклемеген кәсіпкерлер облыс орталығындағы көрмеде өнімдерін көпшілік назарына ұсынды.

Қала тұрғындары мен қонақтары аудандардан әкелінген ұлттық сүт өнімдерінің дәмін татып көріп,

сапасының жоғары екенін жарыса айтып, нарыққа кеңінен шығарылуына сәттілік тіледі. Сонымен бірге облыс орталығының жұртшылығы көлөнершілердің қолынан шыққан бұйымдар мен бал өнімдерін қызыға тамашалады. 100 пайыз табиғи өнімді сатып алушылар да табылды.

Орталық алаңда орнатылған еңселі сахнада облыстық Сүйінбай атындағы филармония ұжымы концерт қойды. Белсенді қатысушыларға облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы директорының Алғыс хаты табысталды. Сондай-ақ бренд-комитетінің шешімімен әділ түрде 3 кәсіпкер анықталады. Олар 5 млн теңгеге дейін грант ұтып алу мүмкіндігіне ие болмақ.

Өткен ғасырдың соңында Жапонияда пайда болған «Бір ауыл – бір өнім» жобасы – ел экономикасын жақсартудың тиімді құралы. Мұның бір ерекшелігі, өнімге қажет шикізат сол ауылдан болуы керек. Бұл қағида құны жоғары тауарларды іріктеп шығаруға негізделген. Аталған жоба ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеру, кірісті арттыру, бәсеке қалыптастыру бағытында жұмыс істейді. Осылайша, олар жергілікті құндылықты баса көрсетіп, жаһандық нарыққа отандық өнімдерді дамытуға ұмтылатын болады.

Қонаев қаласы

ОРТАҚ МҰРАТ – ОРТАҚ ТАРИХ

←(Басы 1-бетте)

«Душанбеге сапарымның қарсаңында қазақ-тәжік бизнес форумы өтті. Оның шеңберінде бірқатар коммерциялық келісімшартқа қол қойылды. 1 миллиард доллардан астам сомаға келісімдер жасалды. Осыған байланысты біз Эмомали Шариповичпен бірге қол жеткізілген уағдаластықтарды толық іске асыру туралы тапсырма бердік. IT-секторындағы ынтымақтастық екі мемлекет үшін зор мүмкіндіктерге жол ашады. Еліміз мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және IT-технологияларды дамыту бағытындағы тәжірибесімен бөлісуге дайын. Жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластық аясында тәжік тарапына Электрондық үкімет платформасының цифрлық шешімдерін бердік.

Қазіргі кезде KazAID – Қазақстандық халықаралық даму агенттігінің ұйымдастыруымен тәжік мамандары еліміздің озық IT-мектептерінде білім алып жатыр. Мұндай тәжірибе алмасу IT-мамандарымыздың біліктілігін арттыруға оң септігін тигізетініне сенімдімін», – деді Қазақстан Президенті. Сонымен қатар брифингте көлік-транзит және энергетика салаларындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері егжей-тегжейлі талқыланды.

Президент мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту да келіссөздерге арқау болғанын жеткізді. Өз кезегінде Эмомали Рахмон Қасым-Жомарт Тоқаевпен жүргізген келіссөздерге көңілі толғанын жеткізіп, екі елдің ынтымақтастығын жоғары бағалады.

Кеңейтілген кеңестен кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон Қазақстанның Тәжікстандағы мәдениет күндеріне арналған салтанатты концертті тамашалады. «Кохи Борбад» сарайында өткен гала-концертте Қазақстан мен Тәжікстанның өнер майталмандары өнер көрсетті. Бауырлас тәжік халқы Димаш Құдайбергелі, Айгүл Үлкенбаева, Темірлан Бейсембай (Ratovich), «El Voice» тобы, Фарух Тоқтамұратов (Adam) сияқты мәдениет қайраткерлерінің өнерін тамашалады.

Ары қарайғы кездесу ертесінде жалғасын тапты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл сапардың басты мақсаты достыққа және өзара қолдауға негізделген қазақ-тәжік қатынастарын мүлдем жаңа деңгейге көтеруді көздейтін ортақ мұратқа сай келетінін айтты. Осы орайда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы мен



Тәжікстан Республикасы арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шарттың айрықша маңызына назар аударды. Қазақ-тәжік ынтымақтастығы барлық бағытта қарыштап дамып келе жатқаны сөз болды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның мәдениет күндерін ұйымдастыруға көрсеткен қолдауы, атап айтқанда, Душанбенің орталығында қазақтың бас ақыны, хакім Абай Құнанбайұлының ескерткіш-бюстін орнатқаны үшін тәжік тарапына алғыс айтып, мұндай іс-шаралар ортақ рухани-мәдени құндылықтарымызды байыта түсетініне назар аударды.

Өз кезегінде Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қою ұзақмерзімді перспективада мемлекетаралық байланыстарды жаңа деңгейге көтеретінін айтты.

Кездесу барысында агроөнеркәсіп, су-энергетика, көлік-транзит салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың негізгі басымдықтары мен міндеттері айқындалды. Тараптар бірлескен жобаларды іске қосуға, сондай-ақ бизнеске қолайлы жағдай жасауға баса мән беруге уағдаласты. Сонымен қатар келіссөздер кезінде цифрландыру, білім беру және ғарыш технологияларын пайдалану бағыттары бойынша өзара тиімді серіктестік аясын кеңейтудің мүмкіндіктері қарастырылды.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шартқа салтанатты түрде қол қойды. Бұдан бөлек, Қазақстан Президентінің Тәжікстанға мемлекеттік сапары аясында сайлау жүйесіне, өнеркәсіпке, мұнай-газға, аграрлық салаға, цифрландыруға, бұқаралық ақпаратқа, сәулетке, азық-түлікке, ветеринарияға, спортқа, сауда-саттыққа, сот пен құқыққа, теміржолға, ұлттар мен ұлыстар бірлігіне қатысты бірнеше маңызды құжатқа қол қойылды. Оның ішінде, атап өтерлігі, Алматы облысы әкімдігі мен Тәжікстан Республикасы Хатлон облыстық мемлекеттік биліктің атқарушы органы арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық және мәдени ынтымақтастық туралы меморандум. Бұл шараға Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев қатысып, тарихи сәттің куәсі болып қайтты.

Бұдан әрі кездесуде Электрондық үкімет саласындағы цифрлық жетістіктер таныстырылып, жасанды интеллект, ғаламтор желісі жайында ақпараттар ұсынылды. Ресми шара аясында Қазақстан басшысымен Тәжікстан Премьер-министрі Кохир Расулзода, Тәжікстан Маджлиси намояндагон Маджлиси Оли төрағасы Махматтоир Зокирзода кездесу өткізді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АУЫЗСУДАН ТАРЫҚПАЙДЫ

Ұйғыр ауданына қарасты Ават ауылы тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Жылдар бойы ауызсудың азабын тартқан халық енді ел қатарлы таза су тұтынбақ. Кеңес одағы кезінде, яғни 50-60 жыл бұрын тартылған су құбыры жүйесі бұл күнде тозығы жетіп, тамтығы қалмаған. Ауызсу ауылда бар деп айтудың өзі ұят-тұғын. Аваттықтар әр жерде қылтиған ескі колонкалардан сыздықтап аққан суға сағаттап кезекке тұратын.

Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

2022 жылы Ават ауылындағы су құбыры жүйесін жөндеу жұмыстары 788 миллион 557 мың теңгеге бағаланып, тамыз айында «СМУ Шығыс» ЖШС-мен келісімшарт жасалды. Сол жылы 50 млн теңге бөлініп, құбыр тарту қолға алынған еді. Үш жылға жоспарланған жобаға 2023 жылы 711 млн теңге қарастырылған. Қалған қаражат биыл бөлініп отыр. Бүгінде 550 тұрғын үйі бар Ават ауылында жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Жыл басынан бері ауыл көшелеріне толықтай құбырлар тартылып, тау өзенінің суы 500 текше метр су жинауға арналған екі резервуарға жинақталды.



Техникалық қадағалушы – «Қоблан эксперт» мекемесі де өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарағаны байқалады. Қолға алынған іс мерзімінен бұрын аяқталатын сияқты. Бүгінде жұмыстың 90 пайыздан астамы орындалған. Ауылдағы 550 үйге су құбыры тартылды. Тіпті ауызсуды пайдаланып жатқан отбасылар да бар. Өкініштісі сол, қолда бардың қадірін білмейтіндер әзірге су есептегіш құралы орнатылмай, тегін жатқан суды барынша ағызып, ысырап жасауда. Ауылдың төменгі жағындағы тұрғындар суды бейберекет пайдалануынан жоғары жақта орналасқан үйлерге жетпей жатыр. Бұл ауыл тұрғындарының алаңдаушылығын тудыруда. Себебі ертеңгі күні дәл осылай су шықпай, әбігерге салып, мемлекеттің қоржынынан жырып алған қаражат желге ұша ма деп қорқады. Ал мамандар суды үнемдесе, ондай оқалық орын алмайды деп сендіруде.

Бүгінгі күні әлем халқының жартысына жуығы су тапшылығын сезінуде. Сарапшылардың айтуынша, жер бетінде 780 миллионнан астам адам таза ауызсуға қол жеткізе алмай отыр. Жыл сайын таза судың жоқтығынан, анти-санитариядан мыңдаған адам көз жұмады. Өкініштісі, оның көбі – балалар. Ал ғалымдардың пікірінше, 2040-2050 жылдарға қарай су тапшылығы дағдарысы шын мәнінде әлемдік сипат алмақ.

Кейбір елдердегідей аса қат болмағандымен, Қазақстанда да ауызсу мәселесі бар. Ал бұл мәселе жыл өткен сайын өршімесе, азаймақ емес. Осыған орай ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Мүсілім Амангелді: «Әр тұрғын суды барынша үнемдеп пайдаланып, су тапшылығының болмауына өз үлесімізді қоссақ, бұл біздің азаматтығымыз ғана емес, болашақ ұрпақ үшін жасаған қамқорлығымыз болар еді», – деді. Расымен, судың да сұрауы бар. Табиғаттың берген тамаша сыйын сарқа пайдаланбай, болашаққа да аманат етсек, абзал болады.

Сонымен, аваттықтар ауызсуға қол жеткізіп, таза судан таршылық көрмейтін күн де алыс емес. Бұл – мемлекетіміздің өз азаматтарына жасап жатқан қамқорлығының көрінісі.

Ұйғыр ауданы



Қонаев қаласы

ЖИЫН

КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Қонаев қаласындағы орта мектеп-гимназиясының мәжіліс залында облыс әкімі жанындағы терроризмге қарсы комиссиясының көшпелі жұмыс тобы жиын өткізді. Оған облыстық туризм басқармасының қызметкерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыс бойынша департаменті өкілдері мен кәсіпкерлер қатысты. Күн тәртібінде «е-Қонақ» жүйесіне шетел азаматтарын тіркеу, олардың арасынан деструктивті діни ағым белгілері барын дер кезінде анықтау бойынша мәселелер қаралды.

Ерзат АСЫЛ

Жиын барысында «е-Қонақ» жүйесіне шетел азаматтарын тіркеу жағдайы туралы облыстық көші-қон басқармасының аға инспекторы Айжан Мұратқызы қысқаша түсіндіріп өтті.

– Қабылдаушы тарап үш жұмыс күні ішінде шетелдік қонақтар

Қазақстанға келгені туралы көші-қон полициясына «е-Қонақ» мобильді қосымшасы арқылы хабарлауға міндетті. Егер хабарламаған жағдайда Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 518-бабымен жауапкершілікке тартылады, – деді аға инспектор.

Келесі кезекте Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыс бойынша департамент өкілі Қазақстан деструктивті діни ағымдарға

қарсы күрестің үлкен тәжірибесі қалыптасқан елдердің бірі екендігіне тоқталды. Оның сөзінше, халықаралық қауымдастықтың заңды мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы барлық шаралардың белсенді қатысушысы. Деструктивті діни ағымдармен ымырасыз күресті жүйелі жүргізіп келеді. Бірақ кейінгі кезде кейбір көрші елдерде болған террористік оқиғалар деструктивті діни ағымдарды анықтау, олардың арасынан террорлық акті ұйымдастыруға бейім мүшелерін тізімге алу және тағы да басқа шараларды жүзеге асырудың маңыздылығын көрсетті.

Жиналыс соңында деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте әр қоғам мүшесі мен мемлекет алдында тұрған әлеуметтік жауапкершілікті ұғына алуы тиіс екені, деструктивті діни ағымның белгілері бар шетел азаматтарын қадағалау қажет екені айтылды.

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛЫМ?

БҰҚАРА ҮНІ БИЛІК НАЗАРЫНДА



мен кейбір көшелерде, 9-шақырым тұрғындарына суды үзіліспен беру кестесін құрды. Бұл туралы барлық тұрғындар хабардар. Сондай-ақ, Талғар аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі «Талғар су» қоймасы жанындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынмен бірлесе отырып, қосымша құбыр тарту, бір сөзбен айтқанда, суды үздіксіз беру үшін тиісті жұмыстарды жүргізуде. Жуырда аудан әкімі депутаттармен бірлесіп, су мәселесі бойынша тұрғындармен жиын өткізді. Бүгінде су тапшылығына байланысты Бесағаш ауылының оңтүстік бөлігінде «Су құбырларын тарту» жобасын жүзеге асыру бойынша белсенді жұмыс атқарылуда. Сондай-ақ, «Талғар су» қоймасындағы су құбыры желісінің деректерін жекеменшіктен коммуналдық-мемлекеттік мекемеге беру бойынша процесс басталып, жауапты орган өкілдері талқылап жатыр. Бұл қадам жүзеге асса, көп мәселенің түйіні тарқатылады.

А – Ауыл тұрғындарымен кездесуде мемлекет тарапынан әзірленген «Бесағаш-Оңтүстік» деп аталатын су құбырының жобасын таныстырдыңыз. Бұл қандай жоба? Егер аталмыш жоба қолға алынса, суға мұқтаж халықтың қажетін толық өтей ме?

– Сіз айттып отырған «Ауылдағы су құбырының құрылысы. Бесағаш (оңтүстік бөлігі)» деп аталатын жаңа жоба Талғар ауданы әкімдігінің қаулысымен әзірленген. Жоба бойынша 31,3 шақырымдық су құбыры желісі

тартылады. Құрылыстың стандартты ұзақтығы 12 айды құрайды. Бұл құрылым су үзілісін болдырмайтын екі секцияда су қабылдағыштары бар жерүсті көзі болып саналады. Жоба 2023 жылы әзірленді, мемлекеттік ведомство қарап, одан тыс арнайы сараптамадан оң қорытынды беріліп, сол жылдың қазан айында мақұлданды. 2023 жылдың желтоқсан айында «Аскади» ЖШС-мен құрылысқа келісімшарт жасалды. Оны жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 5 миллиард теңгеден астам қаражат қарастырылған. Құрылыс мерзімі екі жылды қамтиды. Аяқталу мерзімі – 2025 жылдың шілдесі. Жоба аяқталған соң ауданның бүкіл оңтүстік бөлігін сумен қамту мәселесі шешілетін болады.

А – Талғар өңірінде су тапшылығы қашанға дейін жалғаса береді? Түпкілікті шешімін таппаса, бұл мәселенің ушыққаны-ушыққан сияқты. Аудан тұрғындарын сапалы ауызсумен қамту мәселесіне нүкте қойылар күн жақын ба?

– Баршаға белгілі, былтыр өңірді сумен қамтуға жауапты «Тас-Құм Су» ЖШС-ында күрделі қаржылық жағдай туындады. Олардың банкротқа ұшырау үдерісіне байланысты тұрғындарды сумен қамтуды жергілікті әкімдік өз мойнына алды. Сөйтіп, су тасымалын бір ретке келтірдік. «БауэрЛТД» ЖШС-ның келуімен жергілікті атқарушы органның, сондай-ақ Талғар ауданы әкімдігі басшылығының қатысуымен аталған мекеме сумен қамту мәселесін оңтайлы шешіп беріп отыр.

2024 жылдың тамыз айындағы жағдай бойынша, қоймада су беру деңгейі айтарлықтай жақсарды. Су кесте бойынша беріледі. Түнде 5 сағат, күндіз 5 сағат тұрғындар үшін су қолжетімді. Әрине, бұл – қазіргі күрделі жағдайдан шығудың уақытша шешімі. Осы ретте өңір тұрғындарына түсіністікпен қарауды сұраймыз. Күз басталысымен бұл мәселе шешілуі керек деп күтіп отырмыз. Қыркүйек айынан бастап ауызсуды үздіксіз беру жоспарланған.

А – Бүгінгі таңда Бесағаштықтарды тағы қандай мәселе толғандырады? Тұрғындар көтерген мәселелер, сын-ескертпе, ұсыныс-тілектер дер кезінде орындала ма?

– Біз қатты назар аударатын мәселенің бірі – көшкінен келетін қатер, сондай-ақ тұрғын үйлерді су басу қаупі. Талғар өңірі таулы болғандықтан, мұндай жағдайға сақдай-сай тұруымыз керек. Биыл «Бұрабай» саяжай қалашығында төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою бойынша елеулі жұмыс атқарды. Төтенше жағдай қайталанбас үшін қауіптің алдын алатын тірек қабырғалары мен суару арықтары орнатылып, көріз жүйесі жүргізілді, каскадтық әдіспен тау сілемдері келді. Біз, сондай-ақ, құрғақ және зақымдалған ағаштарды санитарлық кесу жұмыстарын үнемі жүргіземіз. Күнделікті санитарлық қоқыстарды жинау, шөп шабу жұмыстары күнделікті кестемізге кірді. Әсіресе, қыс мезгілінде ауыл көшелерін күтіп ұстауға көп көңіл бөлеміз.

Біз электр және газ желілеріндегі апаттарды, су деңгейінің көтерілуін және өрттің алдын аламыз. Өңір бюджеті 273 млн теңге көлемін құрайды. Әрине, біз азаматтарды күнде қабылдап, өтініштерін тыңдап, мүмкіндігінше туындаған мәселелер бойынша тиісті шаралар қолданамыз. Ауылдағы жолдарды жөндеуге тұрғындардан арыз-шағым көп. Жолдарды күтіп ұстауға жергілікті бюджеттен 18 миллион теңге бөлініп, барлығы толықтай игерілген. Ю.Гагарин, Райымбек көшелерінде ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 5 млн 556 мың теңгеге шұңқырлар жабылды. Ш.Уәлиханов және Жерұйық көшелерінің бойындағы 4 шақырым жол жөнделді.

Көшелерді жарықтандыруға келсек, оларға 43 млн 457 мың теңге бөлінген. Осы қаражаттың арқасында 22 көшеге 460 дана шам орнатылды. Биыл жыл соңына дейін 29 көпқабатты үй пайдалануға беріледі. Оларды «Nayat Apartments» компаниясы салып жатыр.

Бесағаш ауылдық округінде жүйелі жүріп жатқан жұмыс реті осындай. Әрине, проблемалар жетерлік. Тұрғындар өтініші, талап-арызы, ескертпелері назардан тыс қалмайды. Оны аудан басшылығы да, халық та жиі айтуда. Тұрғындар өздерінің пікірлерін, ұсыныстарын бірінші кезекте ауылдық округ әкіміне айтады. Егер осы кезеңде олар нақты және сауатты түсініктеме, жауап алса, бұл үлкен сенім сыйлайды. Адамдар дауысымыз жауапты өкілдерге жетіп жатыр екен ғой деп ойлайды. Расымен солай. Біз ешкімнің сөзін сырт қалдырмай, мәселесін шешіп беруге бар күшімізді саламыз. Ауылдық округ әкімі өтініш-тілектерге жедел жауап берсе, тұрғындар өз аймағын дамытуға атсалысатынын, өздерінің патриоттық сезіне бастайды. Әрине, дін мәселенің барлығы бірден шешілмейді, бірақ әкімдік пен тұрғындар арасында диалогтың жолға қойылғаны маңызды. Адамдар шешім қабылдау кезінде олардың пікірлері ескерілетінін көреді, бұл азаматтар мен Үкімет арасындағы сенім мен өзара әрекеттесуді қалыптастыруға көмектеседі.

Мұндай өзара іс-қимыл ағымдағы мәселелерді шешуге ғана емес, сонымен қатар аудан өмірін қажартуға бағытталған бастамаларды дамытуға да оң ықпалын тигізеді. Әрбір тұрғын өзін осы кезеңнің қатысушысы ретінде сезінгенде, жалпы адамға ортақ игілікке ұмтылу деген жауапкершілік сезімі қалыптасады. Бұл, сайып келгенде, бүкіл ауылдық округтің өміріне оң өзгеріс әкеледі. Бұқара үні билік назарында!

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан –
Фатима ЕРЖАНОВА
Талғар ауданы



БЕЙБІТШІЛІК БЕСІГІ

Қазақ – қашаннан бауырмал халық. Қай дәуірде де елімізден пана іздеп келген ұлт өкілдерінің бәрін бауырына басып, төрінен орын беріп, қиын кезеңдердің өзінде бір үзім нанды бөліп жеген. Қаймағы бұзылмаған қазақ жері көпэтносты мемлекет болып қалыптасты. Бүгінде елімізде 136 ұлт пен ұлыс өкілі бір шаңырақтың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр.

Айнұр НҰРЖАҚЫП

Тәуелсіз мемлекетіміздің дамып, өркендеуі жолында өзара келісім, ұлт татулығын сақтау, бейбітшілік, ынтымақ пен бірлікте өмір сүру басты қағидаға айналған. Тәуелсіз Қазақстанда барлық ұлттың өз салтын, тілін сақтауға мүмкіндік бар. Немен айналысамын десе де, ешқандай кедергі жоқ. Қоғамда еркін өмір сүріп келеді. Солардың ішінде қазақ мектептерімен етене жақын жұмыс істеп жатқан аралас білім ордаларын ерекшелік артта қалады. Тарихы терең білім ошағының бірі – Алматы облысы Талғар ауданы Қызыл Ту елді мекенінде орналасқан №24 жалпы орта білім беретін мектеп. Тарихына үнілсек, өз бастауын 1988 жылдан

бастаған қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде ілім үйрететін мектепте қазір 2074 оқушы білім алуға. Ғылымның қырсырын меңгеріп, бойындағы бар білімін оқушыларына сіңіріп отырған жалпы ұстаздар саны – 155, соның ішінде, ұйғыр ұлты өкілдерінен 19 ұстаз еңбек етуде. Жаңа заман талабына сай, ақыл-парасаты мол өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ұйғыр сыныптарына сабақ беретін мұғалімдер де қажырлы еңбек етуде. Солардың бірі, ұлағатты ұстаз – Айнурам Амутова. Еңбек өтілі – 30 жыл. Ол Қазақстан ұйғырларының республикалық этномәдени орталығының «Қамқор» медалін және Құрмет грамотасын иелген. Дәл осындай ұстазымыз Надиям Ақбарованың да еңбек өтілі отыз жылдан асқан білікті маман. Қазақстан ұйғырларының республикалық



этноәдени орталығы жанындағы әйелдер кеңесінің «Меъриван ана» медалінің иегері. Шәкірттеріне адал еңбек етіп жүрген білікті маман.

– Қазақстанда ұйғыр ағайын Панфилов, Ұйғыр, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары мен Алматы қаласында шоғырланған. Ұйғыр халқы мәдениеті мен тілін сақтап, Қазақстан

азаматы ретінде елімізді өркендетіп, адал еңбек етуде. Қызыл Ту ауылында тұратын азаматтардың қайсысын қарасаныз да, бәрі жарасымды өмір сүріп жатыр. Мәдениетін, тілін, дәстүрін сақтап отыр. Ұлттық дәстүріміз бен қағидаларымызды ұстануға, сақтауға барлық мүмкіншілік бар. Оқу орталықтары да жетерлік. Ассамблея

жұмыстары, барлық бағдарлама сәтті жүзеге асырылып жатыр, – дейді білікті ұстаз Надиям Ақбєрова.

Тұрғылықты халықпен бүгінде туыс болған жағдай өте көп. Ұйғырлардың көбі қазақтармен құдаласқан. Байлай айтсақ, әрбір ұйғырдың отбасында бір адам қазақ ұлтымен туыс болып шығады. Яғни қазақтар мен ұйғырлар мың жылдық құда болып отыр. Ондай отбасылар өте көп. Пайызбен алсақ, ұйғыр-қазақ болып араласқан құдалар елу пайыздан асады.

Аралас отбасылардың саны өте көп. Бірі қыз алса, енді бір отбасы қазақтарға қыз берген. Біз туыссыз, осы туыстықтың арқасында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатырмыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының орны ерекше, облыстағы этностардың, ұлттардың ынтымағын арттырудағы орны айырықша.

Ұлтаралық татулық – біздің ең маңызды байлығымыз! Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету – әрбір Қазақстан азаматының міндеті. Аралас мектеп арасында балаларды ұлтқа бөлмей, ауызбіршілікке тәрбиелесе, бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болақ. Тәуелсіздік тұғырын әрқашан биік ұстайық! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, бірлігіміз одан әрі жараса берсін демекпіз!

Жаңа бөлімше ашылады

Талғар аудандық орталық ауруханасына қарасты бір емхана, 7 алғашқы медициналық көмек орталығы, 7 фельдшерлік-акушерлік пункт, 7 медициналық пункт халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде. Жақында аурухананың дәріханасында асептикалық және стерильді формаларды дайындаумен айналысатын рецептуралық бөлім іске қосылады. Сонымен бірге жұмысын бастап кеткен ахуалдық орталықтың қызметі медициналық көмектің сапасын, науқастар мен дәрігерлер арасындағы қарым-қатынас деңгейін жақсартуға арналған. Сондай-ақ «Халық кеңесі» комитетінің құрамы да жасақталды.



Жүректе сызы қалды

Елімізді ғана емес, әлем халқына әлекке салған коронавируспен ідеті Париж Олимпиадасынан кейін тағы көбейе бастады деген жағымсыз хабарды естідім. Кезінде көптен бірге менің де отбасыма бұл дерт орны толмас қайғы әкелген еді. Осыдан дәл үш жыл бұрын 2021 жылдың тамыз айында қызым Күлғайша коронавирустан көз жұмды. Содан бері жаным жабырқап, көңілім құлазып, ауыр қазаға сене алмай жүрмін.

Олай деуіме себеп, Ұзынағаш ауылындағы жұқпалы аурулар ауруханасына түскен қызым ауыр науқастан айығып, беті бері қарағандай болып еді. Біздің ел ғана емес, бүкіл әлем осы бір аты да, заты да қорқынышты індетпен бірінші рет бетпе-бет келіп, халық та сақтық шараларын ұстанбай, медицина саласында да емдеу қаулылары сан өзгеріп, әбден әбгерге салғаны есімізде. Тіпті желіде де, тұрғындар арасында да қолдан жасалған вирус деген ақпар тарап, «әуеден ұшақпен шашады екен», «су құбыры арқылы жібереді екен», «бұл бір үлкен бизнес жоба екен» деген сияқты саналуан дақпырт барлығымызды есептестіріп тастады. Осындай өтірік-шыны аралас әңгімелерді естігенде қызымының дертіне күмәнмен қараған кезім болды. Қызымның беті бері қараған сияқты болып, кейін жағдай күрт нашарлап, ажал құшқанын білгенде, әрине, ақ халатты жандарға да сенімім азайды. Денсаулығы жақсарып қалған қызымның аяқ астынан өліп кетуіне не себеп? Кім кінәлі? Бұл ақ халаттылардың жауапсыздығынан орын алған жағдай ма? Бұл вирус бірде «ұйықтап», бірде «қайта тұрып», адамды алып ұратынын кейін түсіндік. Жанымды тілгілеген осындай ойлармен ұзақ түнді көз ілмей өткізетінмін. Бұл індет ешкімнің отбасын, әулетін айналып өткен жоқ. Талай жан зардабын шекті, талай адам көз жұмды. Амал не, тағдырдың жазуы шығар, бар айтарым, осындай індет енді қайталанбаса екен.

Қазір жасым 95-ке келген қарт анамын. Қызым Күлғайша Ұзынағаш ауылына ұзатылып, мұғалім болып қызмет етті. Күйеубалам да өмірден ерте озды. Артында анырап бір баласы қалды. Осы баланың тағдырына да алаңдаймын. Айтпағым, ақ халатты жандар адам өмірінің арашашысы болғандықтан, өз қызметтерін берген антына сай адал атқарса, науқастарға жаны ашып, шынайы қамқор бола білсе деген тілек. Сол сияқты қарапайым тұрғындар да медицина мамандарының кеңесіне құлақ асып, әртүрлі сөзге сене бермей, сақтыққа салғырт қарамаса деймін.

Алдағы уақытта біз сияқты ана мен бала жыламаса екен. Коронавирус тезірек толық ауыздықталып, елімізге қатерін төндірмесе екен. Түрлі нәубеттен еліміз аман болып, бәле-жала, қатерден, қателіктен сақтасын дегім келеді.

Төгей БҰРЛЫБАЕВА
Белбулақ ауылы,
Талғар ауданы

Елордада жас мамандарға арналған «Jas Kenes Siylgy» байқауының жүлдегерлері анықталды. Үздік деп танылғандар қатарында Алматы облыстық жедел және шұғыл медициналық көмек стансасының аға фельдшері Дархан Бақыткелді де бар. Бұл туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.

«АЛТЫН ЖҮРЕК» СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНДІ

Аталған байқау елімізде биыл алғаш рет өткізіліп отыр. Жеті аталым бойынша өткен конкурсқа 700-ден аса азамат қатысуға ниет білдірген. Нәтижесінде әр номинациядан екі жеңімпаз марапатталған. Іле ауданы Боралдай ауылының фельдшері Дархан Бақыткелді «Алтын жүрек» аталымына лайық деп танылған. Дәрігер алты жылдық фельдшерлік тәжірибесінде «Жедел жәрдем» көлігінде аяғы ауыр әйелдерді жолда аман-есен босандырып, жеті бірдей нәрестенің дүниесігін ашуға септігін тигізген. Бүгінде Дархан – сол балалардың кіндік әкесі. Сонымен қатар жол апатынан зардап шеккен, хал үстінде жатқан талай жанды ажалдың

тырнағынан аман алып қалған. Көпшілік Дарханды ісіне адал білікті маман, өз ортасында абыройлы деп таниды.

Айта кету керек, сыйлықтың өзі мен жүлде қорын Президент жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңес мүшелері құрып, ұйымдастырған. Шара бастамашыларының айтуынша, жобаның мақсаты – қоғамның маңызды салаларында жұмыс істейтін, өңірлердегі кіші және орта буын жас мамандарды көтермелеу. Сондай-ақ бұл сыйлық әлеуметтік маңызы бар және жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыруға ықпал ету үшін өткізіледі.

Таңжарық БАҚТЫБАЙҰЛЫ

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Аудан жұртшылығы үшін көптен бері шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселе бар екендігі жасырын емес. Мәселен, аудандық орталық ауруханада жұқпалы аурулар бөлімшесі жоқ. Дегенмен науқастарға аурухана дәрігерлері қолдан келген тиісті көмегін көрсетеді. Кіріп-шығатын есігі бөлек орнатылған бұл бөлімшеде сырқаттанған жандардың барлығына ем-дом жасауға мүмкіндік аз. Арнайы бөлімше болмағандықтан кейін науқастар кейде кезек күтіп қалуы ықтимал. Мұндай жағдайда аудандық аурухана дәрігерлері емделушілерді өзге аудандарға жолдамамен жібереді. Бірақ олардың алдымен жергілікті тұрғындарға қызмет көрсететіні даусыз. Соның салдарынан дертіне дауа іздеп барған талғарлық науқастар дәрігердің көмегін дер кезінде ала алмайды.

Ауру алқымнан алып, әуре-сарсаңға түсу сырқаттанған жандар үшін жығылған үстіне жұдырық екендігі анық. Аурухананың қазіргі бас дәрігері Оңғарсын Байұзақов 13 жыл бойы шешімін таппай келе жатқан осы бір түйткілді мәселеге бейжай қарамай, оның түйінін тарқатудың жолын қарастырып, бұл олқылықтың орнын толтыруға кірісіп кетті. Осы бір жағымды жаңалық аудан халқының көкейіне үміт сәулесін ұялатты.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Алматы Тұрысбекұлы мен Талғар ауданының әкімі Танап Айдарбековтің қолдауының арқасында аурухананың жұқпалы аурулар бөлімшесін ашу жоспарлануда. «Жедел жәрдем» мекемесі басқа жаққа қоныс аударғаннан кейін оның босаған ғимаратын демеушілердің көмегімен талапқа сай етіп қайта жаңғыртып, жұқпалы ауруларды емдеуге арналған корпус ашуды ойластырып отырмыз. Қазіргі кезде демеушілер іздестірілуде. Демеуші табылмаған жағдайда аурухананың өз қаражатымен ағымдағы жөндеу жұмысы жүзеге асырылады. Бүгінде құжаттары рәсімделіп жатыр. Сараптама қорытындысы шыққаннан кейін жөндеу жұмысы басталады. Құрылыс аяқталған соң ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 110 бұйрығына сәйкес ғимарат ішін жабдықтайтын боламыз. Өзімізде осы саланың білікті мамандары жеткілікті, – дейді игі бастамаға мұрындық болып жүрген Оңғарсын Алғабекұлы.

Алдағы уақытта жұқпалы аурулар бөлімшесі пайдалануға берілсе, талғарлықтардың еш алаңдамай дер кезінде емделуіне қолайлы жағдай жасалатын болады. Мұның жұқпалы аурулардың халық арасында кең таралмай, ауыздықталуына да септігін тигізетіні даусыз. Осылайша бас дәрігердің бастамасы 2011 жылдан бері көршілес аудандарға сабылып, қиындық көріп жүрген аудан халқының үмітін оятты.

Талғар ауданы



Қызмет сапасы жақсарды

Қарасай ауданы Елтай ауылдық амбулаториясында 125 қызметкер басы ауырып, балтыры сыздаған жандарға дер кезінде сапалы медициналық көмек көрсетіп, өз жұмысын жоғары деңгейде жүргізіп келеді. Медицина мекемесінде халық денсаулығы жолында еселі еңбек етіп келе жатқан 12 дәрігердің 8-інің және 43 медбикенің 32-сінің біліктілік санаты бар. «УДЗ», «Холтер смд», «ЭКГ» және тағы басқа секілді уақыт талабына сай келетін заманауи медициналық құрылғылармен жабдықталған.

Құрамына Ақсенгір, Береке, Елтай, Жармұхамбет, Исаев, Көкөзек, Көктоған, Қаратөбе ауылдары мен №71-теміржол айрығы кіретін ауылдық округтің алғашқы медициналық-санитарлық көмек беру орталығына жыл басынан бері 27276-дан аса тұрғын тіркелген. Бұл көрсеткіш денсаулық сақтау саласына МӘМС жүйесі енгізілгеннен бері елдімекендегі тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасының едәуір жақсарғанын байқатады.

Биыл тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен МӘМС шеңберінде 25000-ға жуық қызмет көрсетілген. Бұл тізімге скринингтен өту, күндізгі стационарда емделу, оңалту, портал арқылы ауруханада стационарлық ем алу, әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, бейінді мамандардың кеңесі мен клиника-диагностикалық зерттеулер мен МРТ, КТ, УЗД секілді тексерулер жаталады.

– Аурухананың материалдық-техникалық базасының жаңаруымен қатар бұрын-соңды ауылдық емдеу мекемелерінде болмаған



бейінді мамандар қызметі жолға қойылды. Мәселен, биылдан бастап біздің орталықта кардиолог, травматолог, невропатолог сияқты бейінді сала дәрігерлері қабылдау жүргізуде. МӘМС аясында емдеу мекемелерінің бәсекеге қабілеттілігі артып, дәрігерлердің біліктілігін арттыруға мүмкіндік молайды. Бұл – көңіл қуантарлық жайт. Биылға жоспарланған Қаратөбе ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы басталғалы тұр, – дейді Елтай алғашқы медициналық-санитарлық көмек беру орталығының меңгерушісі Әлішер Сержанұлы.

Дана БЕКТҰРҒАНҚЫЗЫ,
Қарасай аудандық клиникалық көпбейінді аурухананың медико-социалдық және психологиялық қызмет бөлімінің басшысы

Ерін мен ұртты тістелеп-жұлмалаудан шырышты қабықша зақымданады да, қатерлі ісіктің қалыптасуына жол ашуы ықтимал. Бұл туралы медицина ғалымдары мәлімдеп отыр.

Ерін мен ұртты тістелеу – қауіпті

Бейбіт МЕКЕЕВ

Ғалымдардың айтуынша, ерін мен ауыздың ішкі қуысындағы зақымданған жерлердің жазылуы қиын. Ол жаралардан ағзаға вирустар мен бактериялар – жұқпалы аурулардың қоздырғыштары еніп кетуі мүмкін. Дәрігер сонымен қатар ерін мен ұртты еріктен тыс тістелеу адамның өзіне-өзі зақым келтіруіне мәжбүрлейтін, жанын жеген жүйке бұзылыстарынан да хабар беретінін атап айтты. Көңіл-күй мазасыздығының тағы бір көріністері – шашты жұлмыштау, безеуді сығу және теріні шымшылау болып саналады.

Ғалымдар: «Аталған дағдылар кез келген жаста пайда болуы мүмкін. Бірақ көбінесе 11 мен 15 жас аралығындағы жасөспірімдерде жиі кездеседі», – деп түсіндірді.

Негізінде мұндай мінез-құлықтың себептері толық зерттелмеген. Кейбір мамандар мұны эмоционалдық дағдарыспен, ашу бұған немесе қызғаныштың қызыл иті ішті тырнаған кездегі шырғысты жоюға тырысушылықпен байланыстырады. Десек те, сарапшы мұндай күйдің сабырлы адамдарда да болатынын ескертеді. Тек ондай кісілерде мұндай әрекет экстрапирамидалық көңіл-күй бұзылысы (дәрі-дәрмектердің кері әсері) аясында орын алуы мүмкін.

Шырышты қабықтың ұзақ уақыт зақымдануы оның мүйізгектенуіне немесе онкологияға апарып соғуы әбден ықтимал. Сондай-ақ ұрт пен ерінді тістелеуді елеусіз қалдырмай, стоматологқа көрінудің де пайдасы бар. Өйткені тістелеу тістің дұрыс айкаспауы мен ауыз қуысының созылмалы ауруына байланысты болуы да мүмкін. Ал аталған жағайдан бәрі дұрыс болса, онда дәрігер қарап, тиісті ем тағайындау үшін неврологқа немесе психиатрға көрінген де артықтық етпейді.

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

ҚҰЛАНАЯН ҚҰЛМАМБЕТ



Мірдің оғындай сөз маржанын теріп айтатындығы мен жүйріктігіне сөз жетпейтін әйгілі ақпа айтыскер ақын Құланаян Құлмамбет 1881 жылы жыр жампозы Жамбыл Жабаевпен 55 жасында – нағыз кемеліне келген кезінде айтысқан. Ол кезде Жәкең орда бұзар 35 жасқа толған. Осы айтыстан кейін бірін ұстаз, бірін шәкірт тұтып, жыр додаларында бірге жүрген екі алып ақын өле-өлгеніше сыйласып өтті. Өйткені Жамбыл «Құлмамбетпен айтысқаннан кейін атақ-даңқым дүркіреп жүре берді» деп, айтыстарының ішінде Құлмамбетпен айтысын ерекше санаған.

«Жамбыл атақты Құлмамбет ақынмен кездесіп, айтысқаны туралы:

– Ол айтыс Ұзын көпірдің қасында болыпты, – дейді Жәкеннің ауылындағы Ыбырай қарт. – Сол жерде бүкіл Жетісу елінің билері, болыстары жиналып, үй тігіліп, көпшілік куә болған. Жамбылды шақырып алып, Құлмамбетпен айтыстырған Ескожа руының Құдайберген деген кісісі, – деп жазады жазушы Сәбит Мұқанов. Мұндағы «Ұзын көпір» дегені – Қаракемер мен Түрген ауылын бөліп ағатын өзенге салынған өткел.

Бұл айтысты ғалым Тұрсын Сыдықов «Жетісу дулдулдерінің дүбірі» атты зерттеулер жинағында былай деп нақтылай түседі: «Талантты құрметтеу, кешірімді болу, жақсының жақсылығына ұйып, сыйлай білетін тегін адам емес. Жамбыл айтысқа түскенде «таз, ұрық, төбет» деп Құлмамбетті қара ескек теріс мінгізетін. 1881 жылдан кейін оны құрметті аға, айнымас дос тұтып, ағалы-інілі болып жарасып, бірінің шашбауын бірі көтеріп, бірге жүрген күндері көп. Құлмамбет – құрметтеуге лайық, эпик әрі ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген айтыс ақыны, өте азулы, «алды қатты» ақпа жырау. Жамбыл өзінің оны жеңуіне жағдай себепші болғанын мойындаған. Егер Құлмамбет Құланаян руының арасына сіңіп кеткендігін Құдайберген би қанына тартып, құлағына салмаса, Жамбылды оның «бүріп тастауы» да мүмкін еді».

Негізінде осы айтыста Жамбыл әккі ақынды жеңді дегені болмаса, Жәкен «Мен жеңдім» деп айтпаған. Бұл жөнінде Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Несіпбек Айтұлы өзінің «Құлмамбет» дастанында:

*«Қос жүйрік сүрінбеген сан күдірден,
Жері жоқ бір-бірінен кем жүсірген.
Тиегі домбыраның тайып кетіп,
Құлмамбет кібірткіп сәл кідірген.»*

Тарихтың тереңіне барып шөккен, Бұл жайды жыр қылады халық көптен. Тиектің тайғанын сыйтау етіп, Жамбылды көтермелеп ала кеткен. Айтыста талас-тартыс, болған егес, Көңілге оны ақындар алмаған еш. Құлмамбет шыңдығында жеңілмеген, «Жеңдім» деп Жамбыл да айтып көрген емес», – деп ақиқатын айтқан. Көнекөз қариялардан да осы сөзді естіп өстік.

Құлмамбет «Көрұғлы», «Мың бір түн», «Қыз Жібек», «Рақымжанның зары», «Мұңлық-Зарлық», «Туғанбай мен Қоңырбай» сияқты дастандарды жырлаған. Жамбыл одан дастандарды үйреніп, ойды түйдектеп, төпелеп, нәсерлете тоғу өнерін меңгерген. Өзінің шәкірт ақындарына өткеннің өнегелі жактарын үнемі айтып, соны үлгі алуға шақырған. Жамбыл өзінен 11 жас үлкен Бактыбаймен кездесіп, айтысқанда да:

*«Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлынаш –
Пірім еді бас ұрған», – деп ақындық жолында өзінің кімдерден үлгі алғанын айтса, Құлмамбет те Жамбылды туған інісіндей көрген. Оны Несіпбек Айтұлы «Құлмамбет» дастанында:
«Жасы үлкен болса-дағы ірісінбей,
Жамбылды көрген туған інісіндей.
Ақ көйлек, аңқылдаған көңіліне,
Өтіпті пенделіктің кірі сіңбей», – деп сипаттайды.*

Белгілі кайраткер Нәзір Төреқұловтың жазуынша, Жамбыл Құлмамбетпен төрт рет кездескен. Құлмамбеттің мықтылығы – оған Құланаян деген ат берілгені. Кенестік идеологияның санада қанды шырыны сорғалап тұрған кезде, Құлмамбетті байманатарды мақтаған соң жеңілгенін себеп етеді. Не десе де, бұлбұлдың сайрауы заманның бау-бағына байланысты екенін де естен шығармаған жөн. Дегенмен Мұхтар Әуезов айтыс табиғатын тануда үлгі көрсетіп, «Айтыс өнерінің жүйрігі болып аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Манат кыз, Түбек, Сабырбай, Тойбайлар сол шаршы топтың алдындағы сөз жарыстарында жеңіс тәсілдерін үлкен орамды шеберлікпен қолдана білетін тәсілдер» деп шынайы сөз айтыскерлерін жоғары бағалады. Жамбыл мен Құлмамбет айтысындағы ұтымды сәттерін де тап басып танып, дәл айқындап берген болатын.

Тезек төре Құлмамбетті қасына алып, жалайыр Түбекпен айтыстырады. Айтыс енді қызып, кезек Құлмамбетке келгенде, оны төре тоқтатып, Түбекке: «Сен жеңдің, енді менімен айтыс», – деп, сосын: «Мені макта, енді жаманда», – деп ақпа ақындығын бағалап, сыйлап аттандарған екен. Кеңес кезінде «үстем тапты ұлықтаушы» деп кінә артқан Құлмамбет Майкөтпен айтысқанда қанаушы таптың озбырлығымен қатар сол кездегі еңбекші халықтың ауыр тұрмысының сүренсіз жактарын былай деп сипаттайды:

*«Неге мақтай бересің,
Ақымақ, шіркін, еліңді.
Менде барын көргенмін,
Қаратау деген жеріңді.
Қаратаудың қазағы,
Арылмаған азабы.»*

*Ертеменен тұрысқан,
Шөппен белін буысқан,
Жауырыны құрысқан,
Шеке тамыры тырысқан.
Бидайығын егін деп,
Орын алып тегін деп,
Бет-терісі қырысқан.
Қозы жауырын, құрай бұт,
Алыса жетсе күші жоқ,
Қатыны семіз, ері арық,
Өмірі бейнет, тері ағып,
Несін мұны мақтайсың –
Қураған топырақ, жері арық!
Көкекстен басқа құсы жоқ,
Көкпектен басқа шөбі жоқ,
Қымыз ішіп уыздай,
Толықсыған кісі жоқ!»*

Осылайша Майкөттің бос мақтанып, тасқанына тегеурінді тосқауыл қояды.

Түрген ауылында көп жыл болыс болған шапырашты Жүнісбай 90 жасқа келіп, 1950 жылы Талдыбұлақта дүние салған. 13 жасынан атқа мінген сол пысық болыс өзінен 34 жас үлкен Құлмамбетті қасынан тастамай, серік етіп, бірге алып жүреді екен. Ол: «Айтысқа түссе, Құлмамбет түссін, сусының қанып қалады», – деп отыратын көрінеді. Өйткені Құлмамбет алқалы топта тартынбай айтысатын дарабоз, дастандарды таусылмай толғайтын кемел ақын болған. «Айтып жібермейсіз бе?» деген мезетте-ақ қызыл-қоңыр домбырасын қолына алып, шертіп-шертіп жіберіп, адамды селт еткізетін зор үнді дауысын көтере жөнеледі екен. Мандайы тершіп, шабыттанғанда, отырған жерінен дастарқанға қарай қалай жылжып кеткенін байқамай қалатын кездері де болатын көрінеді. Жыр алыбы Жамбыл «Мың бір түнді» жырлауды Құлмамбеттен үйренгенін Т.Сыдықов өз кітабының 17-бетінде мысалға келтіреді.

Құлмамбет – Таутүргенде туып-өсіп, айтыскер ретінде елді аузына қаратқан ақын. Оның алтыншы атасы Құлан ағайын-туыстарымен осы Түрген, Қаракемер, Атамқұл ауылдарын бұрыннан мекендеп келген. Бұл дерек «Қазақстан тарихы» энциклопедиялық анықтамалығында былай деп нақтыланған. «Әжібай батыр Найманбайұлы (шамамен 1699-1778) Албан тайпасынан шығып, Жетісудың Таутүрген мен Таушелек өңірінде өмір сүрді. Әжібай, Өтеген, Хангелді, Райымбек, Тауасар, Есбол батырлармен тізе қосып, Жетісуды жаудан тазарту жолындағы шайқастарда ерлік

көрсетті. Есімі Қызылбөрік руының ұранына айналды. Құба қалмақтар жөңкіле қашқан кезде Әжібай батыр Сарыарқаға, Қаратауға, Түлікбас пен Қазығұртқа бытырай ауып кеткен Ұлы жүз қазақтарын атамекені Алатауға қайта жинап, мал шаруашылығымен, егіншілікпен, бау-бақша егумен айналысуға жөн сілтеп, жол көрсетті. Түрген өзенінен тоған салдырып, ұзындығы 15 шақырымдай арық қаздырды. «Әжібай тоғаны» аталған сол арна осы кезге дейін ел кәдесіне жарап келеді. Ш. Уәлиханов «Ұлы жүз туралы» мақаласында Әжібай батырдың баласы Бердіқожаның, немересі Қожамқұлдың, шөбересі Атамқұлдың би болғанын жазады. Жауды туған жерден тазарту жорығында осында Қандылардың біразы тұрақтап қалғанда, қамкор бола білген. Қазіргі Бәйдібек би ауылы кезінде осы Атамқұл атымен аталатын.

Қызылбөріктің Есенінен Еламан, Шағаман, Сапы, Қонақбай, Аталық Найманбай, Құлан есімді балалар тарайды. Ал Құлланнан Қатамерген, одан Құлбарыс, одан Ысмайыл, одан Жидебай, одан туған Байшора, Байқошқар, Танабай, осы үшеуінің біреуінен Құлмамбет туған. Ал Т.Алмабековтің «Албан ата» энциклопедиялық шежіре кітабында. «Құлмамбет Құланаян 1826 жылы Кеген ауданы Құрметі ауылында дүниеге келіп, 1906 жылы Еңбекшізақ ауданы Түргенде қайтыс болған» делінген. Өнер зерттеушісі, марқұм Дәркенбай Шоқпарұлы «Бір айтыстың ақиқаты» деген «Ана тілі» газетінің 1992 жылғы 24 желтоқсанда санында жарияланған мақаласында әдеби басылымдарда Құлмамбет пен Жамбылдың айтысын 1887 жылы өткен делініп жүрген жансақтықты нақты мысалдармен 1881 жылы болғанын, 1886 жылы қайтыс болғанын дәлелдеп, ақынның өзі өлер алдында айтқан «Алпысқа талмай келіп шоқырағым, Түргеннен бұйырды кеп топырағым» деген сөзін мысалға келтіреді. Сондай-ақ ақынның елі Құланаян екенін, бабасы Құлланнан тарайтыны жөнінде қисынды ойлар қозғаған. Құлмамбет жас кезінен-ақ көзге түсіп, жиын-тойларда айтыстарға қатысқан. Оның аргы бабасы Құлан да қара тілден сары май қайырған ақын, шешен адам болғанға ұқсайды. Ол өзінің бойына дарыған өнерін: «Маған Құлан бабам аян берді. Қызыл тілін

тіліме тигізіп кетті. Бабамның қасиеті қолдаса, ешкімге де есемді жібермеймін», – деп айтып отыратын көрінеді. Демек, Құлмамбеттің алтыншы бабасы Құлан ақын ұрпағына аян беруі себепті жұрт оны Құланаян немесе Құланаяқ деп атап кеткен. Ақынның өзі де Жамбылмен айтысқанда:

*«Құлмамбет менің атым – Құланаян,
Менің Құлан екенім Тәңірге аян.
Албан, Дулат жиналып бата берсе,
Кеңес етіп жырлайын етіп баян», – деп әрі дәл, анық жырлайды.*

Қызылбөрік, Қоңырбөрік елінің Түрген, Құрметі елдімекенінен біраз отбасы Шымкент аймағына қоныс аударғанда Құлмамбет те көшеді. Төрт-бес жылдан соң туған жерін сағынып, әуелі Алматыға келіп аялдайды. Ақын-жыраулар бас қосқан жиыннан соң түргендік таныстары Батталғазы, Қазыбаймен бірге ауылға аттанып кетеді. Батталғазы деп отырғанымыз – би болған кісі. Жол-жөнекей ауырып, Түргенге әзер жетеді. Тататын дәм-тұзы таусылғанын сезген ақын Қағазбай деген кісіге соңғы сағыншы әрі қоштасу сөздерін жаздырады. Сол өлеңнің біраз жерін мысалға келтірсек: *«Айналып келіп түстім мекеніме,
Келеді ердің ері екі елуге.
Құлмамбет бір-екі ауыз сөз айтыпты,
Дүниеден қаза жетіп өтерінде.»*

*Алтысқа талмай келді шоқырағым,
Қолында асасы бар сопылардың.
Қаңғырып талдай жерді көріп едім,
Түргеннен бұйырды кеп топырағым.»*

*Аман бол, бәрің тегіс Түрген елі,
Әркімнің көзіне ыстық жүрген жері.
Тілім де көп айтуға келмей қалды,
Сендерге қайтып жазам ары-бері.»*

Бұдан кейін туғал таныс-достарына сәлем жолдап, сонында: *«Сәлем де жалғыз қызым Арысханға,
Науқасы қатты батты шыбын*

жанға.

*Жүзіді аңсап келіп, көрмей кеттім,
Бермеді тілеуімді Қадыр-Алла.
Көрмедім Нарынбайдай жиенімді,
Көре ме, көрмейді ме сүйегімді?*

*Жүзіді аңсап келген көрмей кеттім,
Бермеді Жаббар Алла тілегімді.*

*Баламды алып, жасынан балам болған,
Оспандай көрмей кеттім күйеуімді.
Аман бол, Сатайдағы Жүнісбайым,
Сендерден аяймын ба сөздің майым?
Амандасып сіздерді көре алмастан,
Түргенде қаза берді бар Құдайым.»*

Қазаққа әйгілі айтыскер ақын, жампоз жырышы «Мың бір түнді» 33 күн жырлаған жерлесіміз Құланаян Құлмамбет өзі айтқандай, 60 жасында 1886 жылы Түргенде Әлібек деген кісінің үйінде өмірден озады. Түрген мен туған жері Таутүрген жолының қиылысындағы, Қаракемер ауылының шетін мәнгі мекен етті. «Түрген – Есік» жолы осы ақын атамның атымен аталып, Мәдениет сарайы алдына ескерткіші орнатылған. Өзі өмірден озса да, өнерімен кейінгі ұрпақпен бірге жасап келеді. Айтыскер ақын, марқұм Оразалы Досбосынов өзін «Құлмамбеттің құлынымын» деп жырлап, оны бір тұтқан. Өкінішке қарай, Н.Айтұлы жырлағандай: *«Тілегі баспаған соң тегіс оңға,
Баттапты жайсаңдардың көбі сора.
Көп сөзі Құлмамбеттің жиналмаған,
Ең қиын, өкінішті жері сонда», –* дейміз.

Міне, осындай өңірден шыққан, маржан сөзден моншақ тізген Құланаян Құлмамбеттің қандай атақты адам екенін кейінгі жастар біліп жүрсін деген оймен мақаламызды түйіндейміз.

**Анарбек БЕРДІБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі**

ТУРИЗМ

Кеген ауданында тұңғыш рет «Жерұйық көрем десең, Кегенге кел!» атты үш күндік фототілшілер сапары өтті. Аталған шараны Кеген ауданы әкімінің қолдауымен республикалық «Фотоөнер» бірлестігі ұйымдастырды. Мақсаты – отандық туризмді дамыту үшін өңірдің тарихи орындары мен көрікті жерлерін заманауи талаптарға сай фотоға түсіру, ең үздік суреттерді БАҚ және әлеуметтік желі арқылы өлеңге тарату.

Жерұйық көрем десең, Кегенге кел!



Әуелгіде фотосапар мүшелері Көртоғай, Қызылтөбе, Қайқы асуына атбасын бұрды. Ақсай ауылында орналасқан Қызылтөбе тауындағы тастағы таңбалар да назардан тыс қалмады.

Табиғаты сұлу, тарихы терең Кеген өңіріне, яғни Қарқара, Жалағаш, Саты ауылдық округтеріне туристердің көбірек келуіне серпін беру мақсатындағы іс-шара аудан әкімдігінің мәжіліс залы-

да жалғасын тауып, келелі мәселелер талқыланды. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Кеңес Қабылбеков, мекеме қызметкерлері, ауыл әкімдері, өлкетанушылар мен фототілшілер қатысты.

– Бұл – Асылхан Әбдірайымұлының бастамасы еді, өйткені Асылханмен бірге Кеген ауданын бірнеше рет аралағанбыз. «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігі – Қазақстандағы белгілі фотографтардың

басын біріктіретін ұйым. Оның құрамында Қалиқұмар деген ақсақалымыз бен Нұрманбет Қизатұлы және бірнеше танымал азаматтар бар. Әрине, елімізде туризмді дамыту үшін, көрікті жерлер мен өңір тарихын жан-жақты насихаттау керек. Біздің мақсатымыз да сол, – деді сапар жетекшісі Сағатбек Медеубекұлы.

Өз кезегінде сөз алған Асылхан Әбдірайымұлы аудан әкімдігіне ри-

зашылығын білдіре келіп, Сайлау Пернебаевтың «Ақ пен қара», Нұрманбет Қизатұлының «Жан шуақ» атты фотосуреттер жинақталған кітабы мен «Көлсай» портретін бірлестік атынан естелік сыйлық ретінде табыс етті.

– Кеген ауданы өзінің тарихи ескерткіштерімен облыс бойынша бес ауданның қатарында, туризмге таптырмас өңір, – деген жергілікті өлкетанушы Болат Сәрсенбайұлы өңірді дәріптеуге келген қонақтардың жұмысына сәттілік тіледі.

Тарихымызды түгендеуде атсалысып жүрген азаматтарға алғысын білдірген аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Сабыр Досымбеков жиынды қорытындылады.

Бұдан кейін фототілшілер табиғаты әсем ыәм тарихи орындар – Ақшоқы, Жантөбе, Қызыларасан, Құмтекей, Қарқара, Ереуілтөбе, Балбал, Мыңжылқы, Кеген, Тасашы, Бөлексаз, Шырғанақ, Талды, Екіаша, Кеңсу, Орта Меркі, Жалағаш, Көлбастау, Қарабұлақ, Саты, Күрметі, Көлсай, Ағанас, Қоржынбайдың еспесі мен Көртоғай шатқалдарын бетке алып, тарихи фотосуреттер қоржынын толтырды.

Кеген ауданы

ЖЫР-ҒҰМЫР

Әмір баяғыдай көрініп, арнасында жылжып барады. Біз де тыпың-тыпың етіп, таң атырып, күн батырып ілгері жылжып келеміз. Ардақ тұтқан ағасы, ұлы ұстазы, тұлпардай шапшығанда шабысы шаң қаптырған, таланттымен тауды тербеткен Мұқағали өмірден өткенде: «Боз даланың боздайды құрақтары. Сен оқыған маржасан жыр құлақта әлі. Бозингендей Қарасаз боздап жатыр, Ақынынан айырылып жырақтамағы», – деп жандүниесіндегі сұрапыл толғанысты табиғатпен ұштастырған, туған жермен сабақтаған Айтақын ақын да келместің кемесінде кетті. Ол Қарасазбен қатарлас жатқан, бір белдің астындағы:


«Армысың, Қайнар, ауылым, Бармысың, туған бауырлар?! Құшағында өткен бал күнім, Осындай шағын ауыл бар!» – деп өзі айтқандай, Тәңіртаудың баурайындағы Қайнар ауылында 1947 жылы өмір есігін ашқан екен. Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің түлегі еді. Еңбек жолын аудандық газеттен бастап, облыстық әкімдікте, «Жетісу», республикалық «Заң» газеттерінде, «Алматы», «Қазақстан-1» телеарналарында, кәсіподақ ұйымдарында қызмет етті.

Мамандығына қарай қаламын қайрап, ойын ұштап, журналистиканың талабын орындай жүріп, Жаратқан Ием еншілеп берген өлең өрнектерін қара орман халқына:

«Бақтықа да, шаттықа да кенде емен, Жыр – көкпар ма, әкел бері, өңгерем. Қыран өскен тау ұлымын, сондықтан, Ұмтыламын еңіске емес, өрге мен. Өмірде әлі бітпей тұрған ісім көп, Жалын болып жанып жатыр ішімде от. Көкірегімнен жырлар ұшып жатады, Кең еліме, ақ ниетті құсым боп», – деп судан маржан сүзгендей жырларын нөсерлей төгетін еді.

Бозбала, бота тірсек кезінде, Хантәңірдей тау сағасынан «аға» деп арқа тұтып келіп, сәлем беріп, ой бөліскенде, орайына қарай пікірін іркілмей ортаға салғанда, Мұқағали риза болғаны сонша: «Айттым ғой. Мынау – ақын!» – деп құшағына қысып, ақ тілегін айтыпты. Сол тілеуқор жыр жампозына арнаған ақын өлеңдерінің өзі бір шоғыр.

«Жырлаушы едің көктемді, Аңсаушы едің көк белді, Жарқ-жұрқ еткен ғұмыр-ай, Жалт етті де өтті енді», – десе, тұңғыш жинағында, одан кейінгі кітабында: «Көре алмай ақырғы рет келетіңді, Тауыңның кәрі емені тербетіңді. Ақынның өліміне аза шегіп, Толықсып, толқып барып көлде тынды», – дейді. Тағы бірде: «Сенің жырдың мәңгілік есінде елдің, Мұң мен шерін тарқатар жесірлердің. Қамықанда әр сөзің қуат болар, Жүрегіне мұз қатқан жетімдердің. ... Өзің өскен таулы өлке сұлден еді, Құлағамы бір сырлы жыр келеді. Тағы да бір кітабың қолымызда, Қолтаңбаны сен жоқсың, кім бере-ді?!» – деп шарқ ұрыпты.



«Ей, дүние, жанымды құндақтаған, Талай ісің өлі де жұмбақ маған. Паң далалар, кеудесін гүл қаптаған, Өлмейтұғын өлең боп тіл қат маған?!» – деп жұмбақ өмірдің сол кезде-ақ тереңіне ұмтылып, өзім кетсем де, келер ұрпаққа мұра болып өлеңім қалсын деп «Бастау» атты тұңғыш жинағының беташарын алдағы төрт жолмен бастаған арда ақын Айтақын Әбдіқал ағамыздың да жалған дүниеден қасқағам сәтте аққан жұлдыздай жарқ етіп өте шыққанына айға таяды.

МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫН АРДАҚТАҒАН

Тағдырлас Айтақын ақынның Мұқағали туралы өлеңдерін неге дәйекке келтіріп отырмыз? Себебі ол жыр дүлдүлінің інісі ғана емес, ізбасары бола білді. Мұқағалиды танып-білуге алғаш үлесін қосқандардың сапынан табылып еді. Арнау өлеңдері өз алдына, 1995 жылы «Мұқағали» атты ақын тұлғасын тұңғыш түгендеген естелік кітап құрастырып, «Жалын» баспасынан жарыққа шығарды. Оның алдында ұлт әдебиетінің алыптары Мұхтар Әуезов туралы «Біздің Мұхтар» (1976 ж.), Сәбит Мұқанов жайлы «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» (1984 ж.) естелік кітаптары жұрт қолына тиген еді.

Атамыш кітаптың алғашқы сөзін қазақтың айтулы ақыны Әбділда Тәжібаев алып, мәңгілік өмірін Мұқағалидың өзі айтып кеткенін жеткізеді. «...Өлсе, өлер Мұқағали Мақатаев. Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім». Иә, өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Олай болса Мұқағали Мақатаев та көз жұмған жоқ. Қатарымызда. Күнбе-күн қасымызда. Өне, ол мұзбалақ қыранша дүр сілкініп, бүкіл залды бір өзі толтырып, жазық мандайы жарқырап, жаркылдап жыр оқып тұр», – деп еді.

Жаксылардың көзі барда сөзін жинап, кітап етіп шығарған Айтақын ақынның бұл қадамы оның ірілігін көрсетсе керек. «Мұқағали-дастан» зерттеу жинағын да құрастырып еді. Мұны өткенге көңіл аударып қана қоймай, еңбек сінірүдін үлгісі десек, жараспай ма?! Өзі құрастырған рухани дүниедегі өз естелігінің түйіні: «...Ғажайып ақынның қай қырын айтып тауысарсың?! Мұқағали туралы ойлағанда оның еркелігі мен тентектігі ғана емес, Қарасаздың қара суындай мөлдірлігі, қазақ даласындай жомарттығы, баладай сенгіштігі, намысына шок түссе, жолбарыстай атылар

айбаты, арлылығы, әсіресе өзінен кішілер алдындағы инабат-ізеті алдымен есіне түсіп, жан-жүрегіңді елжіретеді. Бәрі жақсы аға, арқалы ақынға деген сағыныштан болар мұның бәрі», – деп келеді.

Айтақын ақынмен жүздескенде әлгіндей қасиеттер оның да бойынан менмұңдалап тұрушы еді-ау! Тау самалындай аңкылдаған көңілінен қаға берісі бар қылаудай тозаң көрмейтінсің. Тау ұлына тән қасиет болар, өңсесін де тік ұстайтын. Айтары болса, жалтақтап, кім не дер екен демей, жалпақтамай, таспадай тіліп жіберіп, қарап тұратын. Уақыттың жылдамдығын, өмірде адамның басына не келіп, не кетпейтінін, оның ауырына жасып, жеңіліне тасып күн кешу пенделік болатынын әр өлеңінде еске салып отырады.

«Басына бас қосылып, қуанады біреулер, Ардағынан адасып, қуарады біреулер. Қайғы барда шаттық бар, көңу керек бәріне, Қуанышты тойларсың, шаттанарсың әлі де. Тек жақсыны армандап, жамандықтан шошыма. Көктемі бар, қысы бар, шіркін, өмір осы да», – деген жолдар алдағы пайымымызға мысал болар.

Айтақын Әбдіқал – көп жазбаған, бірақ судан маржан сүзгендей өлеңнің әрін кетірмей, нәрін келтіріп, талғаммен жазған ақын еді. Қай туындысын алсаң да, терең ойға құрылады, ойға құрылған өлең бойға тез дариды, көңілге қонымды келеді. Өзгенен өзін зор санамайды, кеуде кермейді, кішілігін кісілігімен көрсетеді. 2014 жылы жазған «Нем артық еді солардан?» деген толғағына көз жүгіртіп көрелікші: «Мұқағалидан нем артық еді?! Елуге келмей кетті ол да...

Сағаттан менің нем артық еді?! Ерте қосылған көкпарға. Қырық беске жетпей өтті ол да. Жарасқан – сері. Кеңшілік кетті келмеске, Безініп «оттан», «шоқтан» да... Сыр, мұңын айтып көк талға. Баққожа кетті қолтаңба жазып достарға, Жүрегі мәңгі тоқтарда. Заңғар – Заманбек... Арыс – Алтынбектерді, Ұлықтан ұлты, ұрнағы іздеп, жоқтауда?! Хас жүйріктер-ай, Құлагер сынды құлаған, Сайқал заманда, залымдар берген «көкпарда», – десе, «Өлім барын ұмытпа да, Әр қаланың, әр ауылдың сыртында... от та, шам да жақпайтын, су ішіп, дәм татпайтын, Күні шығып, Айы туып, батпайтын, түсі суық тас зиратты, көк күмбезді «Ауыл» бар... Жоқ ол жерде әкімшілік... прокурор мен сотың да,

ашып айтқаным үшін», – деп алып: «Сайқал заманның, Сайтан – адамның, Қыңыр қылығын, Немен жабармын?! Уақыт не дейді, Обыр көбейді... Арлы қамығып, Айып төлейді... Сайқал заманның, Сайтан – адамның, Қыңыр ісіне, Қалай ем табармын», «Заманым – «түлкі» деп, Тазы – ит боп жеттік пе? Шығайбай дүркіреп, Шын «бай» боп кеттік пе?», «Хан да өткен, Батыр да өткен, Дана да өткен, Ешкім жоқ көрге барын ала кеткен. Не бір көсем данышпан, ойшылдар да, Заманның қабағына қарап өткен. Қу алдап, күшті езіп, ұры тығып, Талайлар талайларды талақ еткен. «Іскер» боп іріктеліп шығып жатыр, Бнкке өз мүддесін қойған жандар. Зымырап күн артынан келеді күн, Шытырман сауалдар көп неге бүгін? Ақ қайсы? Қара қайсы? Дана қайсы? Айтады уақыт бір күн төрелігін. Кеш болып, бармақ тістеп жүргенше ертең, Бүгінге өз бағасын береді кім?!» – деп алып: «Шын үңіліп, назар салып қарасаң, Адам аз боп, майда кісі көбейді», – дейді де, елді түзеу ер ісі, ерсіз ел емес едік, «Бадам үшін, адам үшін тым кымбат» ұлт рухын жасытпайық, сергі-

Алып, сатқан базарлар да... Айқай-шусыз, Талас, дусыз, тып-тыныш... Ол «Ауылдың» тұрғындары – Өзіміздің ағайындар, Заманос, дос, Жерге қимас бауырлар!» – деп бір тыныстап алып:

«Ұмытамыз кейде біздер, Бес күндігін жалғанның, Бар байлығын басып алып, Өлмей, өшпей қалған кім? Өмірден соң – өлім барын ұмытса, Бүгін тірі жүрген пендене – ақымақ!» – деп шыныдтан қашып құтылмайтынды кескен теректей алдына көлденендетеді, ойлан дейді, құлқынның құлы болсаң, соны ойран дейді.

«Мұқағали рухына мұң шағу» – ақын шабыттанса, тау суындай ағынды мінезін аңғартады. Пір тұтқан Мұқағали үлгісінен ауытқымай, адамдық қасиетінен жанбалай мына жалған дүниеден өте шыққан ақын – «Бастау», «Ұшырайын құсымды», «Өмір – кеме», «Ғұмыр – дастан», басқа да кітаптар шығарған «Сөзді екішеп, сайрамасқа шарам бар ма?!» (Төкен Әлімқұлов) деген талғампаз талант еді. Ол әр кез «Риясыз көңілден шыққан ақиқат сөз ғана әмбені түгел риза ете аламыз» (Әбіш Кекілбаев) деген ұлы ұғымға ат тізгінін тартқан, жүрісінен жаңылмаған, арлы азамат еді. М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты, Райымбек ауданының Құрметті азаматы еді. Жалпы, атаққа ұмтылу, көрініп қалу, менмендік жағына шорқақ болатын.

Ақын өзі күн кешкен қоғамның тамыршысы десек, Айтақын Әбдіқал «Ғұмыр – дастан» жинағында жұртым желішуден тыйыл, ес жию керекті ашы болса да айтып кетіпті. «Ей, Заманым! Сен маған тұлданбағын, Шынықты

телік, серпілтелік дегенді алға тартады. Ал «Көшіп жатыр Қарасаз» атты әнге арналған сөз қабырғанды қайыстырады: «Көшіп жатыр Қарасаз, Бәрі қайда барады? Мұқағали ақынның, Әні қайда қалады? Ұлы жайлау – Шалқоде, Сані қайда қалады?.. Бәрің қайда барасың?.. Ұзақ жортқан Жабыр тау, Жәмеңкеден – Үшқақпақ, Өр Текес пен Байыңқол, Қайнар, кімге қаласың? Күнкерістің қамымен, Қалдыра ма ел бесігін, Әділдеген даласын?! Бәрің қайда барасың?» – деп киелі жерді иесіз қалдырғандар, бос қалған жер ертең біреудің көзқұртына айналады, ағайын деген сәулелі ойды ортаға салады. «Айтып өткен ақынды арман бар ма?!» (Мұқағали) деген осы болар.

Өмірге келген адам түбі бір кететінін мензеген бір тұста Қадыр Мырза Әлінің «Жетіп жатыр маған белгі болуға, Туған жердің қарапайым бір тасы» деген сөзіне бағып:

«Байлығым қолымда жоқ, ойымда бар, Мен емес текке налып, уайымданар, Мазасы толғаныстар, ойланастар, Күні ертең мен тойлайтын тойым болар», – деп Айтақын ақын келер күнге үміт артқан екен. Сол ойланар да, тойланар үміт ендігі жерде кейінгі толқынның еншісіне қалып отыр. Ол енші өзі кеткенмен, сөзі қалған азамат ақынға селт еткізер серектікпен көрсетілер құрмет деп білеміз.

Сүлеймен МӘМЕТ, жазушы-журналист, Алматы облысының Құрметті азаматы

КӨРМЕЙІН ДЕСЕМ...

Атақ та, қолдағы байлық та – бір күндік дүние. Бүгін бар болғанымен, ертең оны ұстап тұруың неғайбыл. Ал бастағы білімді ешкім иемденіп кетпесі анық. Ендеше білім – рухани азық. Ол – мәңгілік. Осынау байлықтың көзі – кітап, кені кітапхана десек, бүгінгі біздің кітапханалардың халі қандай? Таусылмас көң, баға жетпес байлықтың ордасы атына сай ма?

Құралай МҰРАТҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде кітап пен кітапхана мәселесіне де тоқталды: «Тауелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Токсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр», – деп кітапханалардың жалпы жағдайын жасырмады. Өз кезегімізде аудандық кітапхананың халі қандай екенін бүкпесіз баяндап беруді жөн көрдік.

Еңбекшіқазақ – 300 мыңнан астам тұрғыны бар үлкен аудан. Халық саны жағынан еліміздегі облыстық маңызға ие қалалардың осын олар алады. Өттеген-айы – өзі үлкен ауданда бар-жоғы 22 кітапхана бар. «Кітапхана» деген аты ғана болмаса, заты оған сай

КІТАПХАНА ҚҰЛАЙЫН ДЕП ТҰР



емес. 22 кітапхананың 21-і – ауылдық кітапхана болса, біреуі – аудандық. Еңбекшіқазақ аудандық кітапханасы Есік қаласында орналасқан. Көз көргендер кітапхана паналап отырған бұл ғимараттың салынғанына гасырға жуықтап қалғанын айтады. Тар әрі ғимараттың іргетасы сөгіліп, қабырғаларының және электр коммуникацияларының техникалық жағдайы ескіріп, әбден тозығы жеткен. Ғимарат бастапқыда кітапхана үшін салынбағанын, әрі жүз жыл деген аз уақыт еместігін ескерсеңіз, мұнда кітап қорын сақтауға ешкінді да жағдай жасалмағаны түсінікті.

Кітапханаларда кітаптар мен газет-журналдардың табиғи тозуының алдын алу үшін өзіндік ережелер бар. Кітап қоры сақталатын бөлмелері мен залдарындағы температура тұрақты болуы маңызды. Ауа температурасы +18-20 градус аралығында кітап парақтары кеуіп кетпей, дұрыс сақталады. Бөлмедегі ылғалдылық шамамен 45-60% болуы керек. Ал одан аз болса қағаздар құрғап, сынғыш келеді, жоғарыласа кітаптар дым тартып, көгеріп кетеді. «Бұл қарапайым ережелер сіздерде сақталған ба?» деген сұрақты аудандық кітапхана қызметкерлеріне қоюдан ұялды. Өйткені су жауын-шашынды күндері шатырдан соңырағандықтан, кітапхана қабырғалары дым тартып тұр. Кітап түгілі, осындағы қызметкерлер

де жиі сырқаттанады. Себебі көмірмен жылынатын ғимарат қысты күні өте салқын болады. Ал жазды күні тар бөлмелердегі қапырықта отыру мүмкін емес.

Аумағы бар-жоғы 275 шаршы метр болатын ғимарат шағын төрт бөлме мен кішірек бір дәлізден тұрады. Оның екеуінде кітапхана қоры сақталған және оқырманға берілетін абонемент бөлмесі де осында біріктірілген. Кітапхана қорында 55 мыңға жуық кітап бар. Өкініштісі, оның 70-80 пайызы – ескі, орыс тіліндегі әдебиеттер. Бұл да – аудандық кітапханадағы үлкен мәселенің бір шеті. Бөлмелердің тарлығынан кітап сөрелері бір-біріне тым жақын тұр. Оқырманның еркін қозғалуына қолайсыздық тудырады. Орынның жетіспеушілігінен кітаптар талапқа сай орналастырылмаған. Ал кітапхана ережесі бойынша мерзімді баспасөз басылымдары 3-5 жылға дейін сақталуы міндетті болса, мұнда тағы да орын жоқтықтан газет-журнал тігінділері сақталмайды. Кітапхана қызметкерлерінің айтуынша, мерзімді баспасөзде бұрынғы жарияланған мақалалар мен құжаттарды іздеушілер көп екен. Өкініштісі, ол оқырманның сұранысы қанағаттандырылмағандықтан кітапхана жұмысына берер бағасы да тиісінше төмен болады.

Кітапхана – мәдени-ағартушылық мекеме. Халықты оқу-білімге баулып, парасат-пайымы мен мәдени деңгейін көтеретін, шығармашылық орта қалыптастырып, ұлттық құндылықтарымыз бен тарихымызды танытатын көпшілік іс-шаралар кітапханаларда өткізілуі

әлдеқайда өтімді. Алайда Еңбекшіқазақ аудандық кітапханасында мұндай іс-шараларды кең көлемде ұйымдастыру мүмкін емес. Өйткені оқу залына 15-20 адам ғана сияды. Осылайша сегіз мыңға жуық оқырманы бар кітапхана өткізетін іс-шараларында оқырманның тек 0,25 пайызын қамтуға шамасы жетеді. Бұл мекемеде 12 қызметкер жұмыс атқарады. Бөлменің жоқтығынан өдіскерлер – 4 адам кішірек дәлізде отырады. Санитарлық-гигиеналық ережелерге сай келмейтін бөлмелерде кітаптар да, қызметкерлер де қысылып-қымтырылып әрең сыйып отыр. Кітапхананы күрделі жөндеуден өткізу, жаңа ғимарат салу сынды мәселелерді көтеріп, аудан әкімдігіне де, аудандық мәслихат, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына да ұсыныс хаттар жолданған. Алайда баяғы жартас сол жартас қалпында тұр. Алты ай от жағып, қыстан шыққан кітапхана қызметкерлері құлаған пешін сылап, пештің ысынан қарайған ғимаратты ішін жақында ақтап алды. Өз күштерімен, әрине. Ал атқамінерлерден әзірше жауап жоқ. Кезінде мед-ресе салып, мектеп ашқан, халықтың білім алып, қараңғылықтан шығуына жәрдемдескен қазақтың небір байлары болды. Оларды ел «жарты патша» атап, жақсылығын тарихқа танбалады. Игі іске бастамасы болар осындай ауқатты адамдар біздің ауданнан да табылып жатса, қоғам ұстазы – кітапханаға қол ұшын созса екен дейміз.

Еңбекшіқазақ ауданы

ТҰСАУКЕСЕР

«АЛАТАУ ЛИГА – 2024»

ТАМЫРЫМДА КӨК ТҮРКІНІҢ ҚАНЫ БАР

Еңбекшіқазақ ауданы Бәйдібек би ауылындағы Мәдениет үйінде танымал айтыс ақыны, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Даубай Әбдісайдың «Қара өлеңнің киесі қонған ақын» атты шығармашылық кеші өтті.

Ерзат АСЫЛ

Кешке Шымкент, Алматы қалаларынан, Алматы облысына қарасты Талғар, қазіргі кезде ақын тұратын Еңбекшіқазақ, өзі туған Райымбек, Кеген аудандарынан арнайы өкілдер, ақынның шығармашылықтағы достары әрі замандастары, әкімшілік және Мәдениет үйінің қызметкерлері қатысты.

Кеш тізгінін ақын Камнұр Тәлімұлы қолына алды. Ең әуелі белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Жазушылар одағының мүшесі, ұлағатты ұстаз Биғайша Медеу Хантәңірінің баурайында туып, Қарасаздың қойнауында түлеген Даубай ақынның Алматы өңіріндегі жыр жүйріктерінің жалғасы екендігін тіліне тиек етіп, оның өңірлік айтыс мектебінің дамуына қосқан үлесін жоғары бағалады.

«Даубай ақын – кешегі Құланыя Құлмамбет, Көдек Байшығанұлы сынды жыр жүйріктерінің заңды жалғасы. Ол сол бір ақындық мектептің өзіндік ерекшелігі мен мақамын сақтады. Құлынында құннан озған Оразалы Досбосыновқа ұстаз бола білді. Бүгінде бала шәкірттерін айтысқа баулып жүр. Айтыс



өнерінде Даубай ақынның алар орны айрықша», – деді Биғайша Бесіркызы.

Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қанат Әбілқайыр, аудандық «Еңбекшіқазақ» газетінің бас редакторы Хайролла Ахметжанов кеш иесіне жүрекжарды тілектерін білдіріп, Даубай Мамытұлына шығармашылық табыс тіледі. Осыдан кейін сөз алған ақынның бір топ замандастары мен өнер қайраткерлері өз естеліктері мен арнауларын оқып, жырдан шашу шашты. Атап айтқанда, Шеризат Мекебаев, Елеусіз Ахметкерім, Мұхтархан Қалиұлы, Камнұр Тәлімұлы, Шаяхмет Құсайын сынды ақын-жазушылар кеш көрігін қыздыра түсті. Сонымен қатар қонақтармен бірге ақынның «Тамырымда көк түркінің қаны бар» атты

су жаңа жыр жинағының тұсауын кесті. Ақынның шәкірттері киелі кара домбырамен жыр тарту етті. Бәйдібек би ауылдық округінің әкімі Есбол Рысбаев ақынға арнайы сый көрсетіп, Алғыс хат табыстады.

Жалпы, айтыс сүйер қауым үшін Даубай Әбдісайдың есімі танымал. Ол – өзінің жалынды жырларымен, өткір тілімен, байыпты болмысымен, салмақты сөз саптауымен көпшіліктің жүрегіне жол таба білген ақын. Ізденімпаздығының, еңбекқорлығының, табиғи дарынының арқасында талай шыңды бағындырып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. Даубай ақын бүгінде Бәйдібек би ауылдық Мәдениет үйіндегі Токтасын Білезов атындағы айтыс, жыр-терме орталығына жетекшілік етеді.

Еңбекшіқазақ ауданы



БРИФИНГ

АЛАЯҚҚА АЛДАНБАҢЫЗ!

Бүгінгі таңда алаяқтың құрбанына айналып, тапқан-таянған ақшасынан бір-ақ күнде айырылып, сан соғып қалғандар қаншама?! Ақпараттық технология дамыған сайын, бұл қылмыс түрі де жаңаша сипат алып, өрши түсті. Оларға қарсы күрес толассыз жүріп жатса да, алаяқтар айылын жияр емес. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында облыстық полиция департаменті криминалдық полиция басқарма бастығының орынбасары, полиция майоры Нұржан Кеңесханұлы мәлімдеді.

Баяндамашы облыста ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу және ашу бойынша қандай жұмыстар атқарылып жатқанына жан-жақты тоқталды.

– Биылғы жылдың 13-15 тамыз күндері «Анти-фрод» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Екі күн ішінде криминалдық полиция қызметкерлерінің күшімен 10 қылмыстық іс ашылды. Сонымен қатар Талғар және Іле ауданында 2 интернет-алаяқтық дерегі тіркелді. Жыл басынан



бері осы тектес 5 жедел профилактикалық шара ұйымдастырылып, 80-ге жуық қылмыс анықталды, – деді.

Полиция өкілінің айтуынша, бүгінде облыс аумағында интернет-алаяқтарға қатысты 819 қылмыстық іс тіркеліп, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 35,6 пайызға артқан. Яғни ғаламтор арқылы құрбанын құрығына түсіретін киберқылмыскерлер саны көбею үстінде. Әсіресе интернетпен онлайн сауда-саттық жасау, кредит рәсімдеу, жұмыспен қамту, инвестиция салу, ақша аудару сияқты қызмет түрлерін көрсету кезінде арасында алаяқтардың да алшаң басып жүретіні анық. Олар адамның сеніміне кірудің түрлі айла-тәсілін меңгеріп, алдау мен арбауды асау шеберіне айналған. Тіпті жасанды интеллект арқылы сіздің туыс-туғандарыңыздың дауысын

айнытпай салып, ақша сұрайтындарға не дейсіз?

– Сондықтан алаяқтарға алданбаудың ең тиімді жолы – қаржылық сауаттылықты арттыру. Мәселенің мәнісіне жете үңіліп, асықпай, аптықпай, ақ-қараны ажырату. Осыған орай, аймақта «Киберпол» орталығымен қылмыстың алдын алу шаралары кеңінен жүргізіліп келеді.

Қоғамдық орындарда киберқылмысқа қарсы 47 үгіт-насихат өткізіліп, 25970 кітапша таратылды. Сонымен қатар 15 билборд ілініп, LED-экран арқылы үндеу жарияланды. Бұқаралық ақпарат құралдарында 30-ға жуық мақала жарық көрді. Әлеуметтік желі арқылы да материалдар шығып жатыр, – деді Нұржан Кеңесханұлы.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Қонаев қаласы

Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, дене шынықтыру және спортты дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Алатау лига – 2024» пилоттық жобасы биылғы жылдың 15 наурызында басталған болатын. Жоба аясында облыс аумағындағы барлық ауылдық округтерде спорттың футбол, волейбол, баскетбол түрлерінен әуесқойлар клубы ұйымдастырылған. Қазір олардың жалпы саны 150-ден асты. Аталған шара бұқаралық спортты дамытуға кеңінен жол ашуда.

СПОРТҚА СЕРПІН БЕРЕДІ

Жұмабек ТҮРДИЕВ

Пилоттық жобаның 15 наурыз бен 15 маусым аралығында өткен бірінші кезеңінде әдемі ойын өрнегін көрсеткен Райымбек, Кеген, Ұйғыр, Еңбекшіқазақ аудандарының спортшылары 21 тамыз күні Райымбек аудандық спорт кешенінде екінші рет бас қосты. Бұл жолғы бәсекеге төрт ауданнан 16 команда, 300-ден аса спортшы қатысты. Салтанатты жиынды ашқан Райымбек ауданы әкімінің бірінші орынбасары Ғалым Жусанбаев қатысушыларды бұқаралық спортты дамытуға арналған айтулы мерекемен құттықтады:

– Дені сау ұрпақ – мемлекеттің баға жетпес байлығы. Бір алаңда бас қосу арқылы ынтымақ-бірлігімізді, тату тірлігімізді, салауатты өмір салтының жарқын үлгісін көрсетеміз, – деген Ғалым Сәлімұлы баптары мен бақтарын таразы талқысына салуға келген спортшыларға жарыс жолында сәттілік тіледі. Келесі кезекте сөз алған облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Нұрсұлтан Шәмшиев «Алатау лига – 2024» пилоттық жобасының мақсатына қысқаша тоқталды.



Салтанатты шара аяқталысымен волейбол, баскетболға арналған жарыс басталды. Волейболшылар кешеннің спорт залында, баскетболшылар Қызылшекара ауылында өткен жылы ғана пайдалануға берілген заманауи спорт кешенінде ойын көрігін қыздырды. Тартысты бәсекеде әр команда өз өңірінің абыройын асқактату үшін барынша қажыр-қайрат танытуға тырысты. Шеберліктері мен тәжірибелерін, түрлі әдіс-тәсілдерді, айла-шарғыларды оңтайлы қолдана білу арқылы қарсыластарын қапыда қалдырған, жанкүйерлердің делебесін қоздырған сәттер аз болған жоқ. Сөйтіп, сәскеде басталған дүбірлі дода күнді ұясына қондырып барып, мәресіне жетті.

Волейболдан өткен бәсекеде Райымбек ауданының «Нарынқол» командасымен жарысқа түскен Еңбекшіқазақ ауданының «Қаражота» командасы айқын басымдықпен жеңіске жетті. Ал Кеген ауданының «Арлан» командасы арасында өткен ойында Райымбек ауданы спортшыларының мерейі үстем болды. Ұйғыр ауданының «Достық» командасы мен Кеген ауданының «Қаршыға» командасы арасындағы тартыста жеңіс 2:0 есебімен кегендіктердің пайдасына шешілді. Баскетболдан Еңбекшіқазақ ауданының «Қаракерем» командасы мен Кеген ауданының «Арлан» командасы арасындағы бәсекеде 32:39 есебімен кегендіктердің қанжығасы майланды. Ұйғыр ауданының «Қара дала» командасы мен «Нарынқол» командаларының арасындағы ойын 36:20 есебімен шонжылықтарды бәйге төріне шығарды.

Айта кету керек, екінші кезеңнің қорытындысы 31 тамызда шығарылады. Осы күні жеңімпаздар анықталып, Еңбекшіқазақ ауданының Шелек ауылында өтетін үшінші кезеңге жолдама алады.

Райымбек ауданы

БІЛІМ

Жаңа міндет жүктейді

Ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны мектеп мұғалімдеріне жаңа міндеттер қойып отыр. Ол үшін білім беру саласындағы инновациялық технологияларды барынша меңгеріп, тиімді пайдалану қажет.

Қоғамда болып жатқан оң өзгерістер білімге және өмірге жаңаша көзқараспен қарауға шақырады. Осыған байланысты оқытудағы инновация көкейкесті мәселеге айналды. Ол жаһандану үрдісімен әлеуметтік болмыс формалары және білімді кіріктірумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда теория мен практикада байқалып отырған қарама-қайшылықтарды шешіп, оны жан-жақты талдау қажет. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысын арттыруда инновациялық технологияны пайдаланудың тиімділігі зор.

Педагогикалық жаңалықтарды ашу, меңгеру, қолдану жөніндегі білім жүйесі әдіснамалық зерттеулердің инновациялық-педагогикалық жаңа объектісі болып саналады. Инновациялық үрдіс қазіргі білім мен практиканың жалпы даму тенденциясына бағынады. Жүйелі пәнаралық байланыс, кешенді білімге сүйеніп ізгілікке бет бұру теория мен практиканың қазіргі даму жолына сәйкес жүзеге асырылады.

Инновациялық үрдісте белсенділік, ынта, ізденушілік мәселелері педагогтерді қызықтырып, оқытушы – зерттеуші – практик ретінде көріне бастады. Теориялық зерттеулерде тәжірибелік-практикалық жұмыстардың атқаратын ролі зор.

Жаңа технологиялардың пайда болуы және оларды іске асыру әрекеті оған тән құралдар мен механизмдерді өзгертіп қана қою емес, құндылықтар бағытын, білім, білік дағдыларды қайта құрумен сипатталады. Мұғалімді әдістемелік дайындаудың функционалды бағытының бірі – кәсібилік, ал екіншісі – әдістемелік дайындық. Бұл оқылатын пәннің мазмұнын игеруді қамтиды, нәтижесінде болашақ мұғалімнің тұлғалық сапасы айқындалады.

Мұғалімді әдістемелік дайындау жүйесінде білім беру мен кәсіби дайындау тең дәрежеде іске асырылуы қажет, олар өз кезегінде бір-бірін толықтыруға және байытуға міндетті.

Бақытгүл КЕРІМБЕК,
Таутүрген негізгі орта мектебі,
физика пәнінің мұғалімі
Еңбекшіқазақ ауданы

ХАБАРЛАМА

Балқаш аудандық сотына Алматы облысы Балқаш ауданы Бактакты ауылы Рысқұлов көшесі, №20 үй тұрғыны Болатхан Алпысбек Болатханұлынан анасы 22 желтоқсан 1971 жылы туған Жанбосынова Жанар Оналбековнаны өлді деп жариялау туралы арыз келіп түскен.

Егер Алматы облысының тұмасы, 22.12.1971 ж.т., Жанбосынова Жанар Оналбековнаға қатысты жүрген жері бойынша бір ақпараттар болса, Алматы облысы Балқаш ауданы Бактанас ауылы Бижанов көшесі, № 60 мекенжайы бойынша орналасқан Балқаш аудандық сотына осы хабарлама газетке шыққан күннен бастап 3 ай мерзімде хабарлауларыңызды сұраймыз.

Тел: 8-(72773)-9-14-12, 8-(72773)91363, 8-777-197-98-95, E-mail: 728-4362@sudrk



Санаулы күндерден кейін Астанада күллі түркі жұртының басын қосқан спорт додасы өтеді. Еліміздің бас шаһарында жалауын желбірететін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына 85-тен аса елден келген 2000-ға жуық спортшы қатысады. Сайыстың 21 түрінен 97 медаль сарапқа салынады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстандағы Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ірі оқиға болмақ. Олар ұлттық спорт пен салауатты өмір салтын насихаттау үшін де, бауырлас халықтар – Ұлы дала көшпелі өркениетінің мұрагерлері арасындағы мәдени және гуманитарлық байланыстарды кеңейту үшін де маңызды», – деп атап өтті. Демек, бұл жарыс еліміздегі ұлттық спорттың жаңа парағын ашатыны айдан анық.

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ АЛАМАН

V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны басталады

Ерзат АСЫЛ

Дүниежүзілік көшпенділер ойыны адамзат өркениетінің мұрасы ретінде этноспорттық және этномәдени қозғалысты дамытуды мақсат етеді. Кіл мықтыларды анықтайтын бұл дода биыл бесінші мәрте Астана қаласында ұйымдастырылмақ.

Алғаш рет Қырғыз Республикасында ойластырылып, жүзеге асырылған халықаралық спорттық шара әлемдік мәртебеге ие болды.

Кейіннен Еуразия кеңістігін ғана емес, басқа да көптеген елдерді қамтып, кең аудиторияның назарын аударды.

Дүниежүзілік ойындарды өткізу құқығының Қазақстанға берілуімен оған қатысатын елдердің тізімінде кеңейді.

Осыдан тура он жыл бұрын Қырғызстанның Шолпан-ата қаласында өткен ойынға 19 мемлекеттен келген 583 спортшы бақ сынаған болатын. Ал 2016 жылы тағы осы қалаға 62 елден 1200 атлет келді. Спорттың 26 түрі бойынша жұлделер сарапқа салынды. Араға тағы екі жыл салып Шолпан-ата меймандарға үшінші мәрте құшағын жайды. Бұл жолы барлығы 82 мемлекеттен 2000 спортшы жиналған. Төрткүл дүниені жайлаған пандемия салдарынан біраз үзіліс алған көшпенділер жарысы 2022 жылы Түркияның Изник қаласында жалауын көтерді. Төртінші мәрте ұйымдастырылған долада спорттың 13 түрі бойынша дүниежүзінің 102 елінен келген 3 мың спортшы қатысты.

Биылғы халықаралық дода аясында 150-ден астам мәдени іс-шара жоспарланып отыр. Мәселен, этноауылда көшпенділер мәдениеті музейі, колонершілер және мүсіндер көрмесі, ал Ұлттық музейде «Көшпенді халық: тарих, таным, тағылым» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылады. Негізгі жарыстар «Астана арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы, «Алау» мұз сарайы, Жаксылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайы, «Думан» қонақүй-спорт кешені сияқты үлкен кешендерде өтеді. Ал жамбы ату мен теңге ілуге арнайы алаң жасакталған. Аталған дүбірлі додаға Алматы облысынан 12 спортшы ҚР ұлттық құрама сапында бақ сынады. Сонымен қоса колонер шеберлеріміз де төл мәдениетімізді жарты әлемнің жұртшылығына жария етпек.

Алматы облысынан 3 көкпаршы мен 9 шабандоз ҚР ұлттық құрама сапында

сынға түседі. Қазіргі таңда көкпардан ҚР ұлттық құрама командасы Еңбекшіқазақ ауданы Жаңашар ауылында арнайы оқу-жаттығу жиынын өткізіп жатыр. «Оқу-жаттығу жігіттерге оңай болып жатқан жоқ. Себебі бұл жай ғана жаттығу емес, іріктеу болып есептеледі. Еліміздің әр аймағынан келген спортшылардың арасынан дүниежүзілік көшпенділер ойынына ел намысын сәтті қорғау үшін ең үздіктерін таңдауға бар күшімізді саламыз», – дейді көкпардан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Ақылбай Манкеев. Оның сөзінше, спортшылардың техникалық, психологиялық дайындықтары жоғары деңгейде. Қысқасы, олар Сарыарқаны дүбірге бөлейтін аламанға сакадай-сай.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметіне сүйенер болсақ, ат бәйгесінің 2 іріктеу жарысынан оза шыққан 9 шабандозымыз үздіктер қатарынан көрініп, көшпенділер ойындарында ҚР ұлттық құрама сапында өнер көрсетеді. Бүгінде Аңсар Арыстанбек, Абзал Тұрғанбек, Абзал Тұрмыс, Ділнұр Нұрмұқаш, Санжан Иринағұлы, Мәді Жолшыбек, Әлішер Тілек сынды шабандоздарымыз Жамбыл ауданындағы Көкбастау атшабарында лайындалып жатыр. Олар құнан бәйге, топ бәйге, жорға жарысы, аламан бәйге бойынша басқа таласпады. Спортшыларға Алматы облысының әкімдігі, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы тарапынан көмек көрсетілуде.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойынында Алматы облысы колонер көрмесін өткізеді. Көрмеге Дәулет Шоқпаров бастаған зергерлер мен ұсталар қатысады. Шеберлеріміз ер шабу, ағаш өңдеу, металл өңдеу, ұлттық киім тігу, құрақ құрау өнерін паш етеді. Алдын ала болжамға сәйкес, осы күндері Елордаға 100 мыңға жуық турист келуі мүмкін. Осыған

орай 20-дан астам қонақүйдің, сондай-ақ туристер жиі баратын орындардың дайындығы пысықталып, қала көшелерін абаттандыру, безендіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының дайындық барысымен танысты. Президент алдымен «Астана арена» стадионын аралады. Мұнда халықаралық спорттық-мәдени іс-шараның ашылу рәсімі өтеді. Отыз мың көрермен еркін отыратын стадионға жыл бойы күрделі жұмыстар жүргізілді. Қазір онда абаттандыру жұмыстары аяқталып, жабдықтары толықтай жаңартылған. Одан кейін Президент Аккредиттеу орталығы орналасқан «Qazaqstan» жеңіл атлетика кешеніне барды. Мұнда Қасым-Жомарт Тоқаевқа көшпенділер ойынына қатысатын ұлттық құраманың киім үлгісі таныстырылды. Жалпы халықаралық іс-шараға 1500 ерікті тартылмақ.

Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаевтың айтуынша, осы уақытқа дейін ұлттық құрама спортшылары халықаралық және республикалық деңгейде 42 оқу-жаттығу жиынын өткізген. Айтулы аламанда спорттың 21 түрі қамтылады. Оның ішінде, асық ату, ордо, арқан тартыс, бәйге, көкпар, аударыспақ, теңге ілу, казак күресі, ашыртмалы аба гүреші, қореш (белбеу татар күресі), көкборуу, алыш, мас-рестлинг, powerful podad (алыштар сайысы), тоғызқұмалақ, мангала, жамбы ату, дәстүрлі садақ ату, құсбегілік, құраш (өзбек күресі) сынды спорт түрлері бар. Міне, солай Астана әлем асыға күткен тағы бір аламанға айқара құшақ ашпақ. Ат құлағында ойнаған казак баласы бар бәйгеде оза шауып, қатысушыларымыз көшпенділер ойынында төбемізді көкке жеткізеді деген үміттеміз.



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

АЛАТАУ арайы
Басылым 2022 жылғы 3 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС
Директор:
Кәдірбек ҚҰНЫПИАҰЛЫ
Бас редактор:
Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ
Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ
Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 272 42 04
Іле ауданы – Бағдат ШОЙБАСОВ 8 705 261 50 98
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41
Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді
«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек
Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады
Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Суреттердің саласы үшін редакция жауап береді.
Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 924
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.